



**ТЕГІН ДӘРІ
КІМДЕРГЕ ҚОЛЖЕТИМДІ?**

9-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



**ЛУДОМАНИЯДАН
ҚАНДАЙ ҚАУІП БАР?**

10-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**ТЕЛЕФОНҒА
ТЕЛМІРУШІЛЕР ЗАМАНЫ**

11-БЕТ | ҚОҒАМ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Туымызды тік ұстау – әр азаматтың перзенттік парызы. Аспан түстес көк байрағымыз – біздің мақтанышымыз. Спортшыларымыз туымызды талай рет жеңіс тұғырына көтерді. Жақында қазақтың қайсар қыздары Эверестке шықты. Туымыз әлемнің ең биік шыңында тағы да желбіреді. Алда Олимпиада ойындары келе жатыр. Намысты өрендеріміз Париж төрінде туымызды тік ұстайды деп сенемін.

№67
(4655)
Бейсенбі
6 маусым
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



САММИТ АСТАНАДА ӨТЕДІ

Биыл 3-4 шілде күндері Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті өтеді деп хабарлады Ақорданың ресми сайты.

Жиында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастықтың көптеген өзекті мәселесін қарастырады. Форумға бақылаушы елдер мен диалог бойынша серіктес мемлекеттердің басшылары қатысады деп жоспарланып отыр.

АВТОБУС ТҮНДЕ ДЕ ЖҮРЕДІ

Бас қала тұрғындары мен меймандары үшін қала ішінде қоғамдық көлікпен қатынау ыңғайлы және қолжетімді болу үшін түнде жүретін №201, 202, 203 бағдарлары іске қосылады.

Аталған автобустар сағат 00:00-ден 06:00-ге дейін жолаушы тасымалдайды. «Түнгі бағдарлар қаланың негізгі аудандарын қамтып, негізгі көлік хабтарын байланыстырады. Бағдарлардың қозғалыс сызбасы мен жүру кестесі туралы толық ақпарат қосымша жарияланады» делінген «City Transportation Systems» компаниясының хабарламасында.


КӨПШІЛІККЕ АРНАЛҒАН КЕШЕНДЕР

Астанада әлеуметтік нысандарды салуға ерекше маңыз беріліп отыр. Сондай көпбейінді кешеннің бірі – жақында бой көтерген отбасылық SANA Sport орталығы. Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданың әлеуметтік нысандарын аралап көру барысында осы орталықта болып, спорт және шығармашылық үйірмелерге қатысатын балалармен жүздесті.

ЖАТТЫҒЫП, СЕРГЕК БОЛЫҢЫЗ!

Астанада Aulafit әлеуметтік жобасы басталады. Қала тұрғындарын салауатты өмір салтын ұстануға шақыратын жоба аясында белгіленген аулаларда спортпен шұғылдануға болады.

8



КӨПІР ЖАРТЫЛАЙ ЖАБЫЛАДЫ

Елордалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы осы жылдың 5 маусымынан 1 шілдеге дейін Қараөткел көпірі жартылай жабылатынын хабарлады.

Көпірде Қабанбай батыр даңғылы мен А.Бараев көшесі тарапынан жартылай жабылатын тәсілдермен орташа жөндеу жүргізіледі. Жөндеу жүргізу кезінде жоғарыда көрсетілген учаскедегі қозғалыс екі бағытта да тораптардың бірі бойынша жүзеге асырылады. Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы елорда тұрғындары мен қонақтарынан қала жолдарындағы кептелістерді болдырмау мақсатында өз маршруттарын алдын ала жоспарлауды сұрайды.

БАЙРАҒЫМЫЗ АСПАНДАСА – МЕРЕЙІМІЗ АСҚАҚТАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласындағы «Атамекен» этно-мемориал кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсіміне қатысты. Құрмет қарауылы ротасының бастығы салтанатты шараға дайындығы жөнінде Мемлекет басшысына рапорт берді. Содан кейін еліміздің әнұраны шырқалып, көк байрағымыз көтерілді.



Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған жұртшылықты Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, бұл елдігімізді нығайта түсетін мерейлі мереке екеніне назар аударды.

«Осы мерекеге орай біз жаңа ғана еліміздің бас байрағын көтердік. Көк туымыз әрдайым биікте мерейлі берсін! Туымызды тік ұстау – әр азаматтың перзенттік парызы. Аспан түстес көк байрағымыз – біздің мақтанышымыз. Спортшыларымыз туымызды

талай рет жеңіс тұғырына көтерді. Жақында қазақтың қайсар қыздары Эверестке шықты. Туымыз әлемнің ең биік шыңында тағы да желбіреді. Алда Олимпиада ойындары келе жатыр. Намысты өрендеріміз Париж төрінде туымызды тік ұстайды деп сенемін» деді Президент.

Мемлекет басшысы байрағымыз аспандаған сайын ұлт мерейі асқақ болатынын айтып, туды тәуелсіздігіміздің тұмары әрі

ынтымағымыздың бастауы деп атады.

«Батыр бабаларымыз ел тағдыры сыңға түскен сәтте бір тудың түбінен табылған. Бірлігін бекем ұстаған, елі мен жерін қорғаған. Байтақ даланы көзінің қарашығындай сақтап, ұрпағына мирас еткен. Сол аманатқа адал болу – ұрпақтың ұлы мұраты» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстан бейбіт мемлекет ретінде татулық пен келісімді қашанда басты орынға қояды және барлық мемлекетпен достық қатынас орнатқан.

«Соның арқасында туымыз жер жүзіне бірлік пен бейбітшіліктің байрағы ретінде танылды. Біз достық қағидатын әрдайым берік ұстанамыз. Қазір бәріміз бір кісідей жұмылып, Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Баршаға бірдей мүмкіндік беретін қоғам орната бастадық. Аз уақыт ішінде ауқымды саяси реформа жасадық. Жаңа экономикалық



бағытымызды айқындадық. Сондай-ақ жас ұрпақтың сана-сезімін жаңғыртып, сапалы ұлт болуға бет бұрдық. Мұның бәрін жүзеге асырып, түбегейлі орнықтыру оңай шаруа емес. Ол үшін, ең алдымен, ырысты ынтымақ керек. Барша Қазақстан халқының тағдыры – ортақ, болашағы – бір. Сондықтан бір ел, бір халық болып, ту түбінде тұтаса білесек, көздеген мақсатқа міндетті түрде жетеміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мемлекеттік рәміздер негізгі құндылықтарымыз бен мұраттарымызды айшықтап, әрқайсымыздың бойымызда елімізге деген шынайы мақтаныш сезімін оятатынын

жеткізді. Сонымен қатар басты елдік нышандар сын сағатта да, жеңісті күндерде де барша азаматты біріктіретініне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік рәміздер күні әскери шен тапсыру игі дәстүрге айналғанын атап өтіп, жас сарбаздар Отан қорғау ісін өмірлік миссия ретінде тандап алғанын айтты.

«Ер-азамат үшін ел тыныштығын күзету – ең абыройлы міндет. Әйгілі батырымыз Бауыржан Момышұлы «Ердің туы – намыс» деген. Өздеріңіз сияқты отаншыл әрі намысты ұландары бар Қазақстанның келешегі жарқын екені анық. Баршаңыз антқа адал болып,

ел шебін қырағы қорғайсыздар деп сенемін. Әскери шен алу – әр сарбаздың өміріндегі маңызды белес. Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов «Атақты алғаннан гөрі, оны арқалап жүрген қиын» деген. Әйгілі қолбасшының бұл сөзі сіздерге зор жауапкершілік жүктейді. Қазақ сарбазы деген атқа әрқашан лайық болыңыздар» деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты рәсімде жоғары әскери оқу орындарының 12 үздік түлегі Қазақстан Президенті – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының қолынан офицерлік шен алды. Шара соңында Мемлекеттік күзет қызметінің, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің Құрмет қарауылы роталары Президент пен жиналған қауым алдынан салтанатты түрде сап түзеп өтті.

Ту көтеру рәсіміне Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қожанов, ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, сондай-ақ мемлекеттік органдардың басшылары, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, жоғары әскери оқу орындарының курсанттары мен олардың туыстары қатысты.



ОНКОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ ТАМЫЗДА АШЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық ғылыми онкология орталығының жаңа корпусының құрылыс барысымен танысты.

Нысан биыл тамыз айында пайдалануға беріледі. Ғимараттың жалпы ауданы 58 мың шаршы метрден асады. Мұндағы стационар 210 төсек-орынға есептелген. Оның ішінде 24 орын анестезиология, реанимация және интенсивті терапия бөлімдеріне, 150 орын күндізгі стационарға арналған. Жоспарға сәйкес бұл ауруханада жыл сайын 6 мың науқас емделе алады.

Мемлекет басшысына жаңа корпусты қатерлі ісіктерді

диагностика жасауға және емдеуге қатысты әлемдік бірегей технологиялар шоғырланатыны жөнінде мәлімет берілді. Мұнда ғылыми зерттеулер жүргізіп, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен білім беру тәжірибелерін жүзеге асыруға жағдай жасалады.

Жаңа корпус ашылғаннан кейін бұл орталық онкологиялық көмек көрсету бойынша интеграцияланған модель құру ісінде ұлттық үйлестірушіге айналады. Аталған бастамада

денсаулық сақтау жүйесіндегі алғашқы буыннан бастап онкологиялық ауруларды емдеуге маманданған барлық медициналық мекеме қамтылады.

Сонымен қатар стационарда бас және мойын онкологиясы, торақалды және абдоминалды онкология, онкоурология, маммология, онкогинекология, остеонкология және онкогематология орталықтарын ашу қарастырылған.

Мемлекет басшысы ұжым қызметкерлерімен кездесу барысында бұл корпусты салу денсаулық сақтау саласындағы басым міндеттерді сапалы орындауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Жаңа медициналық мекеме құтты болсын. Әлемде мұндай орталықтар өте аз. Бұл біздің аймақтағы медициналық тәжірибе мен ғылымды ұштастыратын озық мекеме болмақ» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Президент нысан құрылысының мерзімі мен жоғары сапа стандарттарын қатаң сақтау қажет екеніне назар аударды.



ҮЙІРМЕЛЕР КӨБЕЙЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы әлеуметтік нысандарды аралап көру барысында отбасылық SANA Sport орталығында болды. Мұнда спорт, шығармашылық, білім бағыттары бойынша 29 үйірме жұмыс істейді. Сондай-ақ 29 жаттықтырушы және 25 жоғары білікті педагог еңбек етеді.



Мемлекет басшысына «Datu Development Group» консорциумы жүзеге асы-

рып жатқан әлеуметтік жобалар жөнінде мәлімет беріліп, SANA Sport кешені

аумағындағы саябақты қайта жаңғырту жоспары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев орталықтағы спорт залдарын, шығармашылық үйірме бөлмелері мен оқу кабинеттерін аралап көрді. Сонымен қатар үйірмеге келген шахматтан екі дүркін әлем чемпионы Айару Алтынбекке сыйлық табыстап, сәттілік тіледі. Жас шахматшы бұған дейін Президентке хат жазып, кездесу жайында өтінішін жеткізген еді.

Кешенде 4 мыңнан астам баланың қосымша білім алуына жағдай жасалған. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан жеткіншектердің үйірмелерге қатысуына «Мереке» қайырымдылық қоры қолдау көрсетеді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР НЫҒАЯДЫ

Мемлекет басшысы Мысыр Араб Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Әбделуахаб Әбделразекті қабылдады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мысыр Парламенті Сенатының спикеріне ілтисат білдіре отырып, оның Қазақстанға жасаған сапары екіжақты парламентаралық байланысты нығайтуға тың серпін беретініне сенім білдірді.



«Біз араб мемлекеттері арасынан, ең алдымен, Мысырмен дипломатиялық қатынас орнаттық. Бүгінде Мысыр – Қазақстанның ислам және араб әлеміндегі басты серіктестерінің бірі. Сындалы саяси диалог жолға қойылды. Көптеген екіжақты шарт пен келісім жасалды. Осы қарқынды бәсеңдетпей, ынтымақтастықты нығайта түсу үшін бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз. Сауда-экономикалық байланыстар екіжақты қарым-қатынастарымыздың басты негізі болуға тиіс. Бұған

қос мемлекеттің әлеуеті толық жетеді» деді Президент.

Өз кезегінде Әбделуахаб Әбделразек Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Ас-Сисидің ізгі тілегі мен сәлемін жеткізді.

«Біз екі ел арасындағы қарым-қатынасты, соның ішінде парламентаралық байланыстарды одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Бұл алға қойған мақсаттарымызды тиімді жүзеге асыру үшін жасалған дұрыс қадам деп есептеймін. Мысырлықтардың Қазақстанға деген құрметі мен ықыласы ерекше. Екі елді

біріктіретін ортақ дүниелер көп. Жуық арада қос тарапқа да тиімді шаралар қабылданып, нақты іс-шараларға сенімдіміз» деді Мысыр Сенатының спикері.

Әңгімелесу барысында екі ел арасындағы парламентаралық дипломатияны дамыту, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысы Мысыр компанияларын көлік-транзит, туризм, цифрландыру салаларында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастыруға шақырды.

Сондай-ақ Сұлтан Бейбарыс мешітін күрделі жөндеуден өткізіп, тарихи тұлғаның есімін ел жадында жаңғыртуға зор үлес қосқаны үшін Мысыр үкіметіне ризашылығын білдірді. Бұдан бөлек, кездесуде екі елдің халықаралық ұйымдар аясындағы қарым-қатынасы мен жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Ас-Сисиге жылы лебізі мен сәлемін жолдады.



БІРЕГЕЙ НЫСАННЫҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев медициналық авиация және жедел жәрдем қызметтерінің, науқастарды қабылдау бөлмелерінің жұмысын үйлестіретін орталықтың қызметімен танысты. Кешенде 250 орындық стационар бар.

Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының басқарма төрағасы Тимур Мұратовтың айтуынша, мекемеде 29 бағыт бойынша емдеу ісін жүргізетін 9 клиникалық департамент құрылады. Мұнда жылына 18 мыңнан астам науқас емделе алады.

Президент заманауи құралдармен, соның ішінде мобильді компьютерлік томограф және OR-1 жүйесімен жабдықталған операция залдарын аралап көрді. Мемлекет басшысы орталықтың қызметкерлерімен әңгімелесу барысында мұндай бірегей нысанның іске қосы-

луын отандық медицинаның зор жетістігі деп бағалады. Сонымен қатар мекемеге білікті мамандарды көптеп тарту қажет екеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жұмысның жұмысына табыс тілеп, орталыққа реанимобиль сыйлады.

БІЗДІҢ ҰСТАНЫМ – АШЫҚТЫҚ

Жақында Астана қаласы мәслихаты мен «Жаңару» республикалық қоғамдық бірлестігінің қалалық филиалы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылады. Осы құжат шеңберінде елордалық депутаттық корпус қос тараптың бірлескен жобаларына белсене қатысады. Сондай-ақ бірқатар бағдарламаның орындалу барысын бақылауда ұстайды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпұлттық қозғалысының тарихы оның құрметті төрағасы Оралбай Әбдікәрімовтің бастамасымен тікелей байланысты. Ғылым және жоғары білім министрлігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшесі Оралбай Әбдікәрімұлымен және «Жаңару» қоғамдық бірлестігінің елордалық филиалы басшысының орынбасары Дәулеткерей Рахметуллинмен бірқатар ұйымдастыру мәселесін талқылады. Елордалық мәслихаттың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаттарын қалай құрып жатқанымыз және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қалай қалыптасатыны туралы айтып бердім. Бүгінгі таңда мәслихат депутаттары үшін біздің сайлаушылармен өзара іс-қимыл барысында ашықтықтың жоғары деңгейін сақтау өте маңызды. Бұл – елорда тұрғындарымен кері байланыс, азаматтарды жұмыс



орындарында, партиялардың қоғамдық қабылдауларында, сондай-ақ елордалық мәслихаттың қабылдау бөлмесін-

де азаматтарды қабылдауға қатысты мәселе» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

ҚАЗАҚША КОНТЕНТ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Палатаның бір топ депутатымен бірге QazaqSham қазақша контент жасаушылар форумына қатысты. Онда Палата спикері креативті индустрия саласындағы жаңа жобалармен танысты. Сондай-ақ қатысушылармен Мемлекет басшысы бастамашы болған қазақ тілінде контенттер дайындау барысын және осы бағыттағы басқа да өзекті мәселелерді талқылады. Іс-шараға креативті индустрия және отандық медиа өкілдері қатысты.

Өз сөзінде Сенат төрағасы кейінгі жылдарда елімізде креативті индустрия қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен аталған саланы дамыту үшін институционалдық негіз қалыптасты. Мәдениет және ақпарат министрлігінде арнайы департамент құрылды. Сондай-ақ секторды әрі қарай жетілдіруге және мемлекет тарапынан қолдауға арналған нақты шаралар қабылданып жатқаны айтылды. Атап айтқанда, осы бағытта еңбек етіп жүрген азаматтар үшін салық жеңілдіктері қарастырылды. Соның нәтижесінде аз ғана уақыт ішінде креативті индустрия субъектілері 8 пайызға артты.

Сонымен қатар еліміз бойынша тиісті инфрақұрылым қалыптастыру үшін жүйелі жұмыс қолға алынып жатқаны белгілі. Бұл бағыт жаңа кешенді шешімдер қажет ететіні анық.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Қазақстанның мәдени толқыны өңірлік және халықаралық деңгейде кеңінен таныла бастағанына назар аударды. Қазіргі таңда ұлтымыздың зор жасампаздық әлеуеті кино, музыка, әдебиет және өнердің басқа да салаларында айқын көрініс тауып келеді. Бұл бағытта елімізде талантты жастар көп» дей келе, Палата спикері форумды ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

Іс-шара барысында қатысушылар креативті индустрияны тиімді дамытуға тиісті жағдай қажет екенін айтып, өз ұсынысын жеткізді. Олар-



дың қатарында құқықтық база қалыптастыру, саланы мемлекеттік қолдау, өнімдерді коммерциализациялауға жәрдемдесу, өңірлерде креативті жобаларды дамыту сияқты тың бастамалар бар.

«QazaqSham форумы – қазақ тілінде контент дайындау аясында мемлекеттің, бизнестің, шығармашыл тұлғалардың және білім беру мекемелерінің күш-жігерін біріктіре отырып, креативті индустрияның өзекті мәселелерін талқылайтын, сондай-ақ оны сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік беретін алаң. Бұл бастама жаңа үздік жобалармен танысуға, контентмейкерлердің өзара тәжірибе алмасуына, мемлекеттік тілдегі мазмұнды арттыру тәсілдерін саралауға жол ашады. Өздеріңіз байқағандай, атқаратын жұмыс аз емес. Осы ретте сіздердің әр бастамаларыңыз бен ұсыныстарыңыз маңызды. Алдағы уақытта креативті индустрияға

қатысушылар көбейіп, форумға қатысушылар қатары арта түседі деп сенемін» деп Мәулен Әшімбаев креативті индустрия саласында еңбек етіп жүрген тараптарды секторды әрі қарай дамыту жолында бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Форумда кәсіпкер, «Phenomenal Kids» жобасының негізін қалаушы Азат Әбікен, тарихшы, археолог-экспериментатор Нұрқожа Ерсайын, продюсер Азамат Демеген, «Balafunpy» YouTube-арнасының негізін қалаушы Алтынай Есенжанова, Маңғыстау облысындағы «Aktown» жобасының негізін қалаушы Нұрсұлтан Мырзабек, «Qonzhuq App» жобасының өкілі Айнұр Мәлібекова және басқа қатысушылар сөз сөйледі. Іс-шараның соңында қатысушы компаниялар балаларға арналған өзекті тақырыптар жөнінде қазақ тілінде контент әзірлеу және бірлесіп өндіру туралы меморандумға қол қойды.

ҚАЙТҚАН ҚАРЖЫДА ҚАЙЫР БАР

Шетелден қайтарылған актив сомасы 375 миллиард теңгеге жетті. Бас прокуратураның хабарлауынша, оның басым бөлігі, яғни 272 миллиард теңге ақшалай қайтқан. Қалғаны – түрлі актив.

Бас прокуратура елдегі мыңнан астам және шетелдегі 150-ден астам мүлік объектілері туралы мәліметтерді

талдап жатыр. Тағы 600 млрд теңгенің бағалы қағаздары тексеріліп жатыр. Елімізде 200, шетелде 140 баня шоты

анықталды. 2 трлн теңгеге жуық күдікті транзакция тексерілуде.

№67 (4655) 06/06/2024 Бейсенбі

Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік кеңесшісі

I. ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘНІ НЕДЕ?

Ішкі саясат саласында ақпарат ағыны әрдайым жылдам алмасып отырады. Белгілі бір кезеңде саяси реформалар, сайлаулар мен кадрлық ауыс-түйістер ел назарында болды. Содан соң отбасылық зорлық-зомбылық, қарғын сумен күрес мәселесі күн тәртібіне шықты. Дегенмен билік құрылымдары түгелдей күнделікті мәселелермен айналысып жатқанына қарамастан, мемлекеттік саясаттың негізгі бағдарына сәйкес ілгерілеу үшін жүйелі жұмыс жалғасып келеді.

Дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан Қазақстанның идеологиялық тұғырнамасын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев наурыз айында Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында айқындап берді. «Әділдік» деген ауқымды ұғым осы идеологияның арқауына, ал «Әділдетті Қазақстан» деген түсінік мемлекет бағдарының басты идеологиясына айналды.

«Әділдетті Қазақстан» – бір жағынан мемлекеттік идеологияның өзегі әрі мемлекеттік саясаттың түпкі мақсаты. Сонымен бірге бұл – қоғам санасына орныққан болашақтың бет-бейнесі. Шын мәнінде, «Әділдетті Қазақстан» идеясы күні кеше ғана немесе жұрт айтып жүргендей, соңғы екі-үш жылда ғана пайда болған жоқ. Қасым-Жомарт Тоқаев Президент қызметіне келген күннен бастап әділдіктің қастерлі қағидатына айрықша мән берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент лауазымына кіріскеннен кейінгі алғашқы сөзінде: «Еліміздің даму жолындағы осы маңызды мезетте бүкіл қоғам болып, өркендеген, демократиялық, әділдетті Қазақстанды құру идеясының төңірегіне топтасыу керек» деген еді. Одан кейін 2019 және 2022 жылы өткен президент сайлауы кезінде Мемлекет басшысы «Әділдік» ұғымын сайлау алдындағы тұғырнамасына негіз етіп алып, өз саясатының басты қағидаты ретінде ұстанып келеді. Әділдетті мемлекет құру идеясы қасиетті қаңтар оқиғасынан кейін мемлекеттік саясаттың ғана емес, бүкіл қоғамның идеологиялық темірқазығына айналды.

Әділдік идеясы қоғамның сұранысына да, мемлекеттің ұстанымына да сай келеді. Яғни «Әділдетті Қазақстан» ұлтты ұйыстыратын идеяға айналды. Осы орайда, «әділдік» және «әділдетті мемлекет» деген терминдердің мән-мағынасын нақтылай кеткен жөн. Әділдік дегеніміз бәрін бір қалыпқа салып, теңестіру емес. Әділдік – ең алдымен, құқықтар мен міндеттерді бәріне бірдей бөлу деген сөз. «Әділдік» ұғымын дәл осылай ұғынып, түйсінуге қажет. Ол барлық реформаның өн бойында тұр.

Соңғы жылдары мемлекеттік деңгейдегі көптеген шешім осы әділдік идеясына орай қабылданып келеді. Мысалы, 2022 жылы жүргізілген конституциялық реформа аясында халықтың жерге және оның қойнауындағы байлыққа, жануарлар және өсімдіктер әлеміне, сондай-ақ басқа да табиғи ресурстарға қатысты меншік құқығы Ата заңымызда бекітілді. Бұл қағидат іс жүзінде «Ұлттық қор – балаларға» атты бағдарлама арқылы жүзеге асырылды. Соған сәйкес бұдан былай Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының жартысы балаларға арналған жинақтаушы есепшоттарға тең бөліп аударылады.



БІРЛІК ПЕН ДАМУ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ САЯСИ БАҒДАРЫНЫҢ БАСТЫ НЕГІЗДЕРІ

Сондай-ақ әділдік қағидатының нақты жүзеге асырылып жатқанына мысал ретінде кезінде заңсыз алынған, жалпы сомасы 1 триллион теңгеден асатын активтердің елге қайтарылғанын, пайдаланылмай келген 5 миллион гектардан астам жердің мемлекет меншігіне өткенін, сонымен бірге «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының құрылғаны мен «Самұрық-Қазына» қорының таза табысының кемінде 7 пайызы жыл сайын осы қордың есепшотына аударыла бастағанын атап өтуге болады.

Шын мәнінде, Әділдетті Қазақстан – бәзбіреулер айтып жүргендей, биліктің ойлап тапқан жасанды идеясы емес, Президенттің стратегиялық бағдарының идеялық негізі. Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің ең негізгі миссиясы – Әділдетті Қазақстанды құру екенін үнемі айтып жүр. Саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салаларда жүргізіліп жатқан жүйелі реформалардың бәрі, ең алдымен, осы стратегиялық мақсатқа қол жеткізуге арналған. Президенттің елімізді түбегейлі және жан-жақты жаңғыртуға қатысты байыптамаасының түпкі мәні осында жатыр.

II. ЖАҢА ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҰҒЫРНАМА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдан бері дәйекті түрде жүргізіп келе жатқан, идеологиялық сипаты «Әділдетті Қазақстан» тұжырымдамасында көрініс тапқан саясаты басты бес тұжырымға негізделген. Президент оның әрқайсысын әртүрлі кезеңде ұсынып, саяси өмірге біртіндеп енгізіп келеді.

«Әртүрлі пікір – біртұтас ұлт» атты алғашқы тұжырым «Әділдік және Әділдетті Қазақстан дегеніміз не?» деген сауалға жауап береді. Бұл жерде әңгіменің түйіні тең құқылы, сындарлы талқылау арқылы бәріне ортақ байлам жасап, шешім қабылдау қажет деген пайымға келіп тіреледі. Әділдетті Қазақстанды құру жолында теңқұқылық қағидаты

өте маңызды. Осы қағидат берік орнықса, азаматтардың бәрі өзінің жеке әлеуетін жүзеге асыру үшін әлеуметтік жағдайына, ұлтына, тілі мен дініне қарамастан бірдей құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты екінші тұжырым «әділдік қалай орнайды?» деген сауалға «ел-жұртпен тығыз байланыста болып, олардың мұң-мұқтажын тыңдай білу арқылы орнығады» деп жауап беруге негізделген. Дегенмен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ұғымы азаматтардың күнделікті түйткілдерін шұғыл әрі тиімді шешуді ғана меңземейді. Сонымен қатар, бұл тұжырымдама елімізді дамытуға қатысты басты мәселелер бойынша қоғамның барлық өкілінің пікірін ескере отырып, байыпты әрі ортақ шешім қабылданатынын аңғартады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» жарқын мысалы ретінде Конституцияға өзгерістер енгізу үшін өткізілген референдумды айтуға болады.

Үшінші тұжырым – «Заң және тәртіп» әділдік орнатудың әдіс-тәсілдерін айқындайды, яғни «Әділдікті қандай жолмен орнатамыз?» деген сауалға жауап береді. Заңды мүлтіксіз сақтау, баршаның заң алдында тең болуы, ең бастысы заң бұзған адамның қалайда жазасын алуы – қоғамда әділдікті орнықтырудың басты шарты. Осының бәрін іс жүзінде орындау өте маңызды. Бұл, әсіресе, тұрмыстық-отбасылық зорлық-зомбылыққа, жемқорлыққа қарсы күреске қатысты оқиғалардан айқын көрінеді. Қылмыс жасаған адамның лайықты жазалануы – әділ сот төрелігі қағидатының көрінісі ғана емес, сондай-ақ қоғамның сот жүйесіне және тұтас мемлекетке деген сенімінің көрсеткіші. Бұл ретте мына жайтты түсініп алған жөн. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мемлекеттің ғана міндеті емес. «Заң және тәртіп» қағидатының қоғамда орнығуына барлық азамат ұдайы атсалысуға тиіс.

Төртінші тұжырым – «Күшті Президент – ықпалды Парламент

– есеп беретін Үкімет» Әділдетті Қазақстанның институционалдық ауқымын айқындайды, яғни «Әділдетті Қазақстан» қандай болуы керек?» деген сұраққа жауап береді. 2019-2021 жылдардағы саяси реформалардың төрт топтамасы және 2022 жылғы саяси жаңғыру бағдарламасы осы тұжырымды нақты жүзеге асыруға арналды. Соның нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік жүйесі бар мемлекеттік құрылымның жаңа институционалдық үлгісі қалыптасты.

Бесінші тұжырым – «Адал азамат» ұғымы «Әділдетті Қазақстанды кім қалыптастырады?» деген сауалға жауап бере отырып, ел-жұртымыздың рухани-адами келбеті болашақта қандай болатынын және азаматтық қоғам қалай дамитынын көрсетеді. Мемлекет басшысы: «Адал азамат» – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қоятын адам» деген еді. Идеологиялық тұғырнаманы туралы айтқанда мына мәселеге назар аударған жөн. Бұл – қандай да бір қатып қалған қағидаларды үгіт-насихат арқылы жасанды түрде жаппай санаға сіңіру емес, керісінше, біздің қоғамның рухани бірлігін нығайта түсетін шынайы құндылықтарды дәріптеу деген сөз.

Жалпы, Мемлекет басшысы ұсынған идеологиялық тұғырнаманы елімізді одан әрі жан-жақты жаңғыртуға қатысты бар салалардың бәріне тың серпін береді.

III. ӨТКЕНГЕ ОРАЛМАЙТЫН ӨЗГЕРІСТЕР

Кейде «Реформалар нәтижесі қайда, уәде етілген өзгерістер қайда? Жаңа Қазақстанның түрі осы ма?» деген пікірлер айтылып қалады.

Біріншіден, өзгерістер әп-сәтте жасала қоймайды. Реформаларды жүзеге асыру үшін орасан зор күш-жігер, қисапсыз уақыт қажет. Мәселенің мән-жайын білмейтін адамға бұл үдеріс тым ұзаққа созылып бара жатқан

секілді көрінуі мүмкін. Дегенмен өзгерістер бар. Кез келген реформа – қажырлы еңбекті талап ететін аса күрделі жұмыс. Кім не десе о десін, Қазақстан реформалар жолымен сенімді қадам басып келеді.

Екіншіден, біздің елімізде соңғы бес жылда кішігірім өзгерістер емес, керісінше, көптеген салада түбегейлі әрі жүйелі бетбұрыс жасалды. Егер тереңірек ойланып көрсеніз, небәрі үш жылдың ішінде бүкіл еліміздегі мемлекеттік институттардың мәртебесі мен рөлі едәуір артты. Конституциялық сот жұмыс істей бастады. Президенттің құзырына кіретін мәселелер азайып, керісінше, Парламенттің құзыреті кеңейді. Аралас сайлау жүйесі енгізілді, саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдеді. Тұңғыш рет ауыл әкімдері тікелей сайланатын болды. 2021-2023 жылдардағы сайлау қорытындысында ауыл әкімдерінің үштен екісі жаңарды. Былтыр алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлап көрдік. Мұндай сайлаулар 2025 жылдан бастап тұрақты өткізілетін болады. Бұл аз десеңіз, реформалар Қазақстанға ғана емес, айналамыздағы ауқымды геосаяси кеңістікке де жаңашылдық қазірдің өзінде жемісін бере бастады. Ең төменгі еңбекақы көлемі екі есеге артты. Бұл 1,8 миллион адамның табысына тікелей әсер етті. Ұстаздар мен дәрігерлердің, сондай-ақ ғалымдардың жалақысы көбейіп, оларды әлеуметтік тұрғыдан қорғау шаралары күшейді.

Мемлекет басшысының бас-тамасымен жұртқа тұрғын үй жағдайы мен денсаулығын жақсарту үшін зейнетақы жинағының бір бөлігін алуға мүмкіндік берілді. Бұл мүмкіндікті миллионға жуық азамат пайдаланып үлгерді. «Жайлы мектеп», «Ауылда денсаулық сақтауды жақсарту» секілді ауқымды ұлттық инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Соның аясында барлық аймақта жүздеген мектеп пен денсаулық сақтау нысаны салына бастады. Дегенмен ең бастысы – реформалар қоғамдық қатынастардың сипатын біржола өзгертті, ұлттық саяси менталитеті өсіп, азаматтық белсенділігі артып келеді, тұрғындар елдік мәселелерге еркін араласатын болды, жұрттың бір-біріне деген жана-шырлығы нығая түсті, қоғамдық пікір саяси өмірге едәуір ықпал ете бастады. Саяси мәдениетке қатысты бұл өзгерістерді кері қайтару еш мүмкін емес. Осылайша, елімізде түбегейлі өзгерістер жасалды, жаңарулар әлі де жалғасып келеді. Жүзеге асырылып жатқан жан-жақты реформалар енді тоқтамайды.

IV. ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ ЭТИКА

Қоғам санасындағы және жұрттың мінез-құлқындағы әбден ескірген қасаң түсініктер мен ұғымдар келмеске кетпесе, саясат пен экономикадағы ауқымды реформалар еш нәтиже бермейді. Ескішілдік пен өркениетті даму жолы ешқашан бір арнаға тоғыспайды.

Мысалы, 2022 жылы қоғам өкілдерінің ұсынысымен Мәжіліс және мәслихат депутаттары аралас сайлау жүйесі енгізілді. Өкінішке қарай, іс жүзінде бір мандатты округтердің кейбіреуінде оң үрдіспен қатар жағымсыз жайттар да болды. Ашығын айтсақ, бірқатар округте бағдарламалар мен идеяларға негізделген еркін бәсеке түріндегі саяси күреске куә бола алмадық. Онда алдымен рушылдыққа жол берілді. Тіпті кейбір жерде қылмыстық топтар билікке енуге де әрекет жасады.

Жаңа саяси мәдениет қалыптастырмай, жасампаз құндылықтар негізінде қоғамдық этиканы жаңартпай, әділетті қоғам құру мүмкін емес екені айдан анық. Сондықтан Президент Атырауда сөйлеген сөзінде жалпыұлттық құндылықтарды нақты айқындап берді. Бұл:

- Тәуелсіздік және отаншылдық;
- Бірлік пен ынтымақ;
- Әділдік және жауапкершілік;
- Заң мен тәртіп;
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
- Жасампаздық пен жаңашылдық.

Мемлекет басшысы жалпыұлттық құндылықтарды бір тұжырымдамаға біріктіріп, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін идеологиялық бағыт-бағдарымыздың бірыңғай жүйесін жасады. Сондықтан осы идеологиялық-гуманитарлық тұжырымдама ішкі саясаттағы білім мен тәрбие беру, мәдени-ағарту жұмыстарының басты бағытына айналуы керек.

Ұлттық құрылтайдағы бастамаларды жүзеге асыру үшін 40 тармақтан тұратын кешенді жоспар бекітілді. Осы құжаттың аясында жыл соңына дейін 9 заң қабылдау жоспарланған. Қазірдің өзінде оның үшеуін Парламент мақұлдап, Президент қол қойды. Жақында «Заңсыз ойын бизнесіне және лудоманияға қарсы іс-қимыл жүргізудегі кешенді жоспар» бекітіледі. Сондай-ақ басқа да тұжырымдамалық құжаттар әзірлеп, нақты жобалар мен іс-шараларды жүзеге асыру қарастырылған.

Жалпыұлттық құндылықтарды әдістемелік тұрғыда негіздеуі отырып, жан-жақты дәріптеудің әдеттегі жалаң үгіт-насихаттан айырмашылығы – бұл тәсіл бірден нәтиже бермесе де, стратегиялық жағынан алғанда әлдеқайда тиімді. Жаңа құндылықтар жүйесі ер азаматтың мінез-құлқы мен құндылықтық іс-әрекеті арқылы қалыптасуы керек. Сол себепті билік «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына баса мән беріп отыр. Мемлекет басшысы өз сөзінде осы жалпыұлттық нақтардың маңызы зор екенін ұдайы айтып жүргені көпшілік байқаған да болар. Шын мәнінде, елді жаңғырту әркімнің өз үйін, ауласын, көшесін тазалау сияқты қарапайым шаруалардан, әр адамның өз мінез-құлқы мен мәдениетін өзгертуден басталады. Сонда жаңа қоғамдық этика қалыптастыру ісі қазір жүргізіліп жатқан реформалардың дәйекті түрде жүзеге асырылуына, сол арқылы Қазақстанның өркендеуіне қажетті негізгі алғышартқа айналады.

V. ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРТАЛАСТЫҢ REDLINE-Ы

Қоғамның ашықтығы, экономикалық реформалардың іске асуы, коммуникацияның жаңа түрлерінің қарқынды дамуы сияқты нақты себептерге байланысты сол қоғамның құрылымы үнемі өзгеріп отырады. Қоғамдық-саяси кеңістік кеңейіп, күрделене түседі, яғни жаңа страталар, әлеуметтік топтар мен субмәдениеттер, сан алуан саяси және идеологиялық көзқарастар пайда болады.

Қазір біздің қоғамда саяси ұстанымды әртүрлі азаматтар, атап айтқанда, либералдар, социалистер, консерваторлар, оңшылдар, солшылдар және центристер бар. Олар түрлі саяси идеалға және құндылықтарға сенеді. Осы орайда біз пікір алуандығын дамыта отырып, ең алдымен, жалпыұлттық мүддеміздің біртұтастығына баса мән беруіміз қажет.

Бұл тұрғыда ел ішіне ірікті салатын әрекеттерге ғана емес, жұртты арандатып, дау-дамай

туғызуы мүмкін кез келген сөзге абай болған жөн. Өкінішке қарай, тым шалақ ойлайтын кейбір әсіребелсенділер, кейде тіпті іс-әрекеті ақылға сыймайтын адамдар көпшілікке өзін сыңаржақ көзқарастарын күшпен таңып, жұртшылықтың пікірін өз ыңғайына қарай бұрғысы келеді.

Қазақта «ала жіпті аттамау» деген ұғым бар. Біздің саясатта да мұны берік ұстану керек. Яғни елдімізге, бірлімізге, ынтымағымызға сызат түсіретін дүниеден алшақ болған жөн. Қоғамдағы пікірталас кезінде аттап өтуге болмайтын шек, яғни «Redline» нақты белгіленуі тиіс. Бұл дегеніміз – қандай да бір тақырыпты талқылауға тыйым салу немесе цензура жасау емес. Бұл – саяси пікірталас кезінде ұстамды болып, сабыр сақтауға шақыру. Ел алдында жүрген азаматтар, яғни қоғам белсенділері, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері, блогерлер, азаматтық сектордың өкілдері берекелі бірлімізге сызат түспесін десе:

- этносаралық қатынастарға және тіл мәселесіне;
- дін саласына;
- сыртқы саясатқа қатысты ахуалды ушықтырмауға баса мән беруі қажет.

Біздің қоғам бұл мәселелерге қатысты жанжал туғызатын сөз таратуға, ашу-ызаға толы мәлімдеме жасауға болмайтын жақсы түсінеді. Бұл тұрасында білікті мамандар мен сарапшылар ғана кәсіби тұрғыдан пікір таластыра алады. Мемлекет елдің ынтымағын бұзып, шаңырағын шайқалтқысы келетін кез келген әрекетке заң арқылы қатаң тосқауыл қояды. «Шектен шығуға жол жоқ» деген қағида әрдайым басшылыққа алынады. Біз дін бостандығын қолдаймыз, алайда соқыр сенім мен надандыққа қарсымыз. Біз отаншылдықты қолдаймыз, алайда ксенофобия мен әсіреұлтшылдыққа қарсымыз. Біз либерализмді қолдаймыз, алайда жүгенсіздік пен нигилизмге қарсымыз.

Барша адамдар, әсіресе қоғамдық-саяси өмірге белсене атсалысып жүрген азаматтар, өзінің саяси көзқарасы мен ұстанымына қарамастан, жалпыұлттық мүддені, мемлекеттілікті сақтау және нығайту мәселесін бәрінен биік қоюға тиіс.

VI. БИЛІК ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДИАЛОГ

Ел бірлігін, татулық пен бейбітшілікті, этносаралық және дінаралық келісімді сақтау арқылы тұрақтылықты қамтамасыз ету мемлекеттің ішкі саясатындағы негізгі басымдық болып қала береді. Осы саладағы жұмыс халықты ортақ мақсатқа ұйыстыру және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін үнемі тың әдіс-тәсілдер, тетіктер мен формалар ойластыруды талап етеді.

«Ішкі саясат – саяси технологиялардың жиынтығы әрі жалаң үгіт-насихат» деген түсінік ел ішінде кең таралған. Бұл – шындыққа еш жанаспайтын жаңсақ пікір. Мұның бәрі – саясаттың қосалқы құралы ғана. Ешқандай саяси технология халыққа етене жақындық пен ел-жұртпен қоян-қолтық жұмыстың орнын толтыра алмайды. Ішкі саясат дегеніміз – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істеу деген сөз, яғни адамдармен ашық әңгімелесіп, тұрақты диалог орнату қажет. Сонымен бірге, ысқырығы жер жаратын бәзбіреулерді көпшіліктің сөзін сөйлеп жүрген адам деп түсіну өбестік. Мұндай қателікке ұрынуға жол жоқ. Сондықтан диалогтің сындарлы, мазмұнды әрі мағыналы болғаны жөн. Ендеше қазіргі таңда мемлекеттік аппарат үшін барлық әлеуметтік топтармен және



Біз сырттан келетін арандатушыларға ілесіп, жат ақпарат пен идеологияның жетегінде кетпегеніміз жөн. Ішкі саясатта тек өзіміздің күн тәртібімізді басшылыққа алуымыз қажет

азаматтық қоғам өкілдерімен тікелей қарым-қатынаста болу – ең маңызды мәселенің бірі.

VII. МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫҢ ЖАҢАША ШЫҢДАЛУЫ

Қазір мемлекеттік қызметшілердің мүлде жаңа ахуалда жұмыс істеуіне тура келіп отыр. Бір жағынан, мемлекет олардың біліктілігіне, моральдық ұстанымы мен мінез-құлқына, тіпті процессуалдық-нормативтік міндеттеріне қатысты талаптарды күшейтіп жатыр. Екінші жағынан, халықтың да сұранысы арта түсті. Мемлекеттік мекемелер ашық жұмыс істей бастады. Түрлі деңгейдегі айналымыз тұрғылар немен айналысып жатқанын елге көрсетіп, қызметін жан-жақты түсіндіру үшін көпшіліктің алдына жиі шығатын болды. Соның нәтижесінде мемлекеттік аппараттың жұмыс тәсілі өзгеріп, билік құрылымдары барынша ашық, ал шешім қабылдау үдерісі жариялы әрі тиімді бола түсті. Бұл әсіресе тауда болған алапат тасқын кезінде анық байқалды. Төтенше жағдай кезінде арнаулы апаттық-құтқару қызметтері, жергілікті әкімдіктер күндіз-түні жұмыс істеді. Мемлекет басшысы және Үкімет деңгейінде бірнеше шұғыл жиналыс өтті. Президент жағдайды бақылауда ұстау үшін қарғын судан ең қатты зардап шеккен аймақтарға арнайы барды. Жалпы, Мемлекет басшысының осындай төтенше жағдайлар кезінде қиындыққа тап болған отандастарымызбен үнемі кездесіп, сын сағатта оларға қолдау көрсетуге тырысатынын атап өткен жөн.

Мемлекеттің ең басты міндеті – адам өмірін сақтау және қиын жағдайға ұшыраған азаматтарды құтқару. Сондықтан ең алдымен барлық күш халықты қауіпсіз жерге көшіруге жұмылдырылды. Нәтижесінде алапат тасқын кезінде құтқарушылар 119 мыңнан астам адамды, соның ішінде 44 мыңнан астам баланы эвакуациялады.

Төтенше жағдай болған кезде билік барлық жауапкершілікті өз мойнына алып, қиын сәтте жедел әрі нақты шешім қабылдай алатынын тағы бір мәрте көрсетті. Мемлекеттің басқа да көптеген міндеті бар. Билік құрылымдары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуден бастап елді мекендерді абаттандыруға дейінгі сан түрлі мәселемен қатар айналысып, күнделікті міндеттерінің бәрін үздіксіз атқара береді.

Мемлекеттік аппарат қоғамның барлық саласындағы өзекті мәселелерді шешумен де, ауқымды реформаларды жүзеге асырумен де қат-қабат айналысу арқылы жаңа жағдайда жұмыс істеп, мол тәжірибе жинақтап жатыр. Бұл тәжірибе Мемлекет басшысы айқындап берген,

елімізді жан-жақты жаңғыртуға қатысты міндеттерді табысты орындауға септігін тигізери сөзсіз.

VIII. ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Еліміз тәуелсіздігін жариялап, шекарасын шегендеп, мемлекеттік институттары мен заңнамалық базасын қалыптастырғаннан кейін ұлттың саяси миссиясы аяқталды деп санайтындар бар. Бұл – түбірімен жаңсақ пікір. Алдымызда қастерлі тәуелсіздігімізді қорғау, мемлекетімізді дамытып, оны қуатты елге айналдыру, сондай-ақ халықтың әл-ауқатын арттыру секілді маңызды міндеттер тұр.

Бірегейлігімізді және өзіндік өмір салтымызды сақтау – ішкі саясатымыздың күн тәртібінде тұрған басты міндет. Бұл – бізді басқа елдерден, басқа халықтар мен басқа мәдениеттерден ерекшелеп тұратын құндылықтар, яғни жұртымыздың тамыры терең шежіресі, көп ұлтты, көп тілді сипаты, діни толеранттылығы және мәдениетіміздің әр алуандығы, бір-бірімізбен тіл табыса білуіміз, өзара қолдау көрсетуіміз және ырысты ынтымағымыз. Осының бәрі тұтаса келгенде, Қазақстанның өмір салтын танытады. Бір сөзбен айтсақ, біз озық ойлы ұлт ретінде әрдайым стратегиялық бағдарымызды берік ұстанып, ұлттық мүддеміз бен өмір салтымызды дәйекті әрі табанды түрде қорғауымыз керек.

Біз сырттан келетін арандатушыларға ілесіп, жат ақпарат пен идеологияның жетегінде кетпегеніміз жөн. Ішкі саясатта тек өзіміздің күн тәртібімізді басшылыққа алуымыз қажет. Қарсы беруге немесе бірдеңеге қарсылықтың емес, керісінше, игілік пен ырыстың жолы. Біздің ішкі күн тәртібіміз жасампаздыққа негізделген, ал жаңа қоғам құруды, жан-жақты жаңғыруды және реформалар жүргізу мақсатын көздейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің өз ұстанымдарын және ұлттық мүддесін бәрінен биік қоюы қажеттігін бірнеше мәрте атап өтті. Мәселен, жуырда Сингапурға сапары кезінде арнайы дәріс оқып, біздің бүкіл әлеммен өзара ынтымақтастық орнатуға ашық екенімізді, бірақ Қазақстанның заңды құқықтары мен мүддесін қорғауға келгенде ешқашан қарап қалмайтынмызды қадап айтты. Президент еліміздің бейтарап ұстанымы қақтығыс пен мәжбүрлеуді емес, дипломатия мен диалогті жақтайтын саналы таңдау екенін атап өтті.

Қазақстан ішкі және сыртқы саясатын біреуге ұнау үшін немесе қандай да бір үрдіске ілесу үшін жүргізбейді. Біз, ең әуелі, ұлт мүддесін, төл ұстанымдарымызды басшылыққа аламыз. Жаһандық саясатта көңілшектік пен аңғалдыққа жол беруге әсте болмайды. Көп векторлы немесе бейтарап саясат жүргізу оңай әрі ыңғайлы деген пікір бар. Бұл шындыққа жанаспайтын дилетанттық тұжырым деуге болады. Қазақстан көп векторлы, саликалы саясат жүргізіп отыр. Мұндай саясат ұстану, әсіресе жер жүзі сан тарапқа бөлінген қазіргі кезеңде өте қиын және орасан зор күш-жігерді талап етеді. Осындай саясат жүргізу оңай емес екені анық. Бірақ геосаяси орнымызды ескерсек және еліміздің мүддесін ойласақ, бұдан басқа жол жоқ. Сондықтан қазіргідей қиын кезде ұлттық мүддемізді қорғап, өз ұстанымдарымызды сақтау үшін ел бірлігін және қоғамның тұтастығын нығайта түсу айрықша маңызды.

«Egemen Qazaqstan» газеті, 05.06.2024 ж.

ҚЫРУАР ҚАРЖЫ ТИІМСІЗ ЖҰМСАЛҒАН

Кеше Мәжілісте Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі тыңдалды. Жиында Аманат фракциясының жетекшісі баяндама жасады.



Жұрда Мемлекет басшысы экономиканы либерализациялау мәселесін өз қолына алып, арнайы Жарлыққа қол қойды. Бұл өте ірі әрі батыл шешім екені анық. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2029 жылға қарай ұлттық экономиканы 2 есеге өсіру межесін белгіледі. Осыған орай, Үкімет пен билік үшін алдағы 6 жылдық күн-түнсіз жұмыс пен қажетті шешімдер қабылдайтын кезең болмақ. Десе де экономиканың жай-күйін бейнелейтін бірқатар көрсеткіш әлі де көңіл көншіте қоймайды. Мәселен, елімізде жұмыс істейтін 10 миллион адамның 9 миллионында несие бар болса, ал борышкерлер реестрінде қарызы бар жеке тұлғалардың саны – 3,4 миллион адам. Сондай-ақ тұтынушылық несие көлемі 2022 жылы 13,2 трлн теңге болса, 2023 жылдың қорытындысы бойынша 18,2 трлн теңгені құрап отыр. 1 жылда несие алушылардың сомасы 5 триллионға өсті. Бұл цифрлар – халықтың қарызы өмір сүріп жатқанының нақты белгісі. 18 трлн теңге көлеміндегі тұтынушылық несие еліміздің жылдық бюджетінің 75 пайызына пара-пар. Бұл несиелердің уақытылы төленбеуі еліміздің қаржы жүйесін бір күнде техникалық дефолтқа алып келуі мүмкін. Бұл – бір.

Екінші, 2023 жылғы бюджет қаражатының 489 млрд теңгесі тиімсіз жұмсалған. Оның ішінде 70 млрд теңге игерілмеген, 87 млрд теңге қазыналық шотта қалып қойған. Ең өкініштісі, бұл жылдан-жылға қайталанып келеді. Бұдан бөлек, ел болып табатынымыз – 14,5 триллион, ал жұмсайтынымыз – шамамен 23 трлн. Яғни 35 пайыз мемлекеттік бюджет қарыздан, қордан құралады. Бұл – өте қауіпті құбылыс, яғни қаржы балансы жоқ. Демек, бюджетті жоспарлауда кемшілік көп.

Тағы бір мәселе бар: бюджет тапшылығын Ұлттық қор есебінен жабу әлі тоқтамай келеді. Президент шешімімен бийлдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасы іске асып, оның алғашқы сомасы балалардың есепшотына түсе бастады. Сондықтан бұдан былай Ұлттық қор қаражатына арқа сүйеп, балалардың несібісіне қол салуды доғару қажет. Сонымен бірге Ұлттық қор қаражатын тиімді басқару, оның табыс көлемін арттыру жайына да баса мән берген жөн. Өйткені көрсеткіштер Ұлттық қор активтері біртіндеп өсіп жатқанымен, оның табысы төмендеп жатқанын байқауда. Оған қоса, ұлттық жобалардың орындалуында да олқылықтар кездеседі. Мысалы, Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2022 жылдың қарашасынан бастап іске қосылған «Жайлы мектеп» – бұрын-соңды болмаған бірегей жоба. Шетелдік озық тәжірибені жақсы меңгерген Президенттің еліміздің жас өрендері Швейцария, Канада, Финляндия секілді елдердегідей халықаралық стандарттарға үздік мектептерде білім алса деген ойын іске асыруға бағытталған жоба. Яғни ол тек тозығы жеткен, апатты, үш ауысымды мектептер мәселесін шешіп қана қоймай, қала мен ауылдағы білім сапасын да теңестіруге бағытталған. Мұндай заманауи құралдармен толық жабдықталған жайлы мектептердің жартысынан көбі ауылдарда бой көтереді. Қазақстан тарихында мұндай мектептер ешқашан салынған емес. Әйтсе де «Жайлы мектеп» жобасы үш рет қайта қаралды. Саны да қысқарды. Бастапқы межелеген 401 мектептен 369 мектепке түсті. Яғни 32 мектеп қысқарып қалды. Соған қарамастан, 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға берілуі тиіс осы 369 мектептің өзін уақытылы салу күмән тудырады. Сондай-ақ әрбір мектептің жобалық-сметалық құжаттамасын дайындау шығыны да 35 пайызға өсіп кеткен. Президенттің тікелей бақылауында тұрған осынау бірегей жобаны кешеуілдету немесе тоқтату ауыл баласының болашағына балта шабумен бірдей. Сондықтан оған ерекше назар аудару керек. Десе де былтыр әлем үшін де, еліміз үшін де күрделі жыл болғанын атап өткен жөн. Жаһандық геосаяси тұрақсыздықтар, валюта нарығындағы ауытқулар мен дәстүрлі логистика байланысының үзілуі елімізге де өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Соған қарамастан, инфляция көлемі былтырғымен салыстырғанда 2 есеге төмендеп, 9,8 пайызды құрады. Бұл Үкімет жұмысының едәуір ілгерілегенін байқатады. Сондай-ақ 2023 жылдың қорытындысы бойынша ұлттық экономиканың өсімі 5,1 пайыз болды. Дегенмен Президенттің үлкен тәуекелге барып, нақты белгілеген жылына кемінде 6 пайыз өсімді қамтамасыз ету межесіне қол жеткізу әлі де табанды жұмысты қажет етеді. Қорыта келгенде, Үкімет жұмысының нәтижесінде:

Біріншіден, республикалық бюджеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелері толық көлемде орындалып келеді.

Екіншіден, еліміздің өнеркәсіп саласында үлкен орны бар «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы мемлекетке қайтарылды.

Үшіншіден, заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару жұмысы табысты іске асып, шамамен одан тускен 1,5 триллион қаражатқа әлеуметтік нысандар салынуда.

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты



РӘМІЗДЕРІМ – МАҚТАНЫШЫМ!

Мемлекеттік рәміздер күніне орай Ұстаздар аллеясында «Рәміздерім – мақтанышым!» мерекелік іс-шарасы өтті. Оны Астана қаласының Білім басқармасы және Әдістемелік орталығы ұйымдастырды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Мемлекеттік рәміздерімізді ұлықтауға арналған салтанатты іс-шараға елордалық мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілері мен педагогтары, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Балаларды ерте дамыту институты», Білім басқармасының өкілдері, шақырылған қонақтар мен әлеуметтік серіктестер қатысты.

Балабақша тәрбиеленушілері қылқаламмен мемлекеттік рәміздерімізді – Өнұран, Елтаңба, Туды ұлықтап, түрлі-түсті бояу арқылы сүйіспеншілігін жеткізсе, ұлттық нақышта, аспанкөк түсті киінген жұлдыздай жарқыраған өрендер ашық аспан астында би билеп,

өлең оқып, ән шырқап, мерекелік көңіл-күй сыйлады, ойын ойнап, шынығып, тәтті жеп, айналыны шаттыққа бөледі.

Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Көк Туымыз көкте желбіреп, Өнұранымыз әр кез шырқалып, Елтаңбамыз елдігіміз бен бірлігіміздің символына айналғаны – соған дәлел.

Жылына қатысқан педагогтар, тәрбиеленушілер, ата-аналар, қала тұрғындары тәуелсіздіктің қасиетті рәміздерін де ерекше қадірлеп, қастерлеп, қадірін түсіну керекін айтты. Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Өнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Тәуел-

сіздігіміз тұғырлы болуы үшін еліміздің символы, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – баріміздің міндетті парызымыз.

– Мемлекеттік рәміздер – ел дамуының ажырамас бөлігі. Сондықтан қазақстандықтардың осы рәміздерге деген құрметі, оларды бойтұмардай қастерлеуі ерекше сезіліп тұруы тиіс. Рәміздер арқылы елімізді бүкіл әлем таниды. Өйткені онда қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен дәстүрі көрініс береді. Жастардың отансүйгіштік сезімін оятады, патриотизмге үндейді, бағылдыққа тәрбиелейді. Алғашқы жылдардағыдай емес, қазіргі кезде еліміздің әнұраны мәнін білмейтін жан кемде-кем. Ол насихаттың жемісі десек, қалтеспейміз, – деді Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институты директорының орынбасары Мариям Ерманова.

Салтанатты іс-шарадағы елордалық білім алушылардың өнері, білімі мерекенің шырайын ашып, патриоттық рухымызды асқақтата түсті.



ЖАСТАРДЫҢ РУХЫН КӨТЕРДІ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Ұлттық ұлан бірлесіп, «Бәйтерек» монументінің жанында «Менің рәміздерім» атты ауқымды мерекелік акция өткізді.

Іс-шараны Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп ашып, қала тұрғындары мен қонақтарын мерекелеп құттықтады.

«4 маусым бірнеше жыл қатарынан Мемлекеттік рәміздер күні ретінде ел көлемінде тойланып жатыр. Бүгін Мемлекет басшысы атаулы күнді арнайы ресми іс-шарамен бастап берді. Ал қала көлемінде 500-дей ірілі-ұсақты іс-шаралар өтті. Соның бірін елордамыздың символы – «Бәйтеректің» қасында өткізіп отырмыз. Мақсатымыз – еліміздің құнды нысандарын дәріптеу арқылы жастардың отансүйгіштік рухын көтеру» деді Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп.

Акцияда танымал әншілер ән шырқап, тұрғындар вик-



ториналық сауалдарға жауап берді. Ал Ұлттық ұланның көрсетілімдері көптің көңіл төрінен орын алды.

«Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн еліміздің тәуелсіздігі, бірлігі мен егемендігінің нышаны ретінде әрбір азаматтың жүрегінен орын алады. Біздің рәміздеріміз

Ту, Елтаңба, Өнұран – ұлттық мақтанышымыз, тарихымыздың, мәдениетіміздің және болашаққа деген сенімділіктің көрінісі» деген «Құрмет қарауылы» ротасының взвод командирі Дархан Тоқтасын қала тұрғындары мен қонақтарын осынау мерекелеп құттықтады.



КӨК ТУДЫ ЖЕЛЫРЕТТІ

Бас қалада Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Туымыз төрімізде» акциясы аясында орталық көшелердегі үйлер еліміздің көк туымен безендірілді.

Елорда тұрғындарына «Туымыз төрімізде» патриоттық акциясына қатысып, басты мемлекеттік рәміз – тумен Отанға деген сүйіспеншілігін білдіру ұсынылды. Елорданың бес ауданында екі мыңнан астам ту орталық көшелердегі үйлердің балқандары мен қасбеттерін безендірді. Атап айтқанда Республика даңғылы, Бауыржан Момышұлы, Мәңгілік Ел, Тұран, Бараев көшесінде болды.

Жалаулармен безендірілген үйлердің тұрғындары «Туымыз төрімізде» акциясын көтеріңкі көңіл-күймен қабылдады.

«Бұл өте жақсы акция, ол біздің мемлекеттік туымызды танымал етуге және жастарға патриоттық тәрбие беруге ықпал етеді. Біздің қаламыздың барлық тұрғыны бұл акцияны қолдайды деп ойлаймын» деді елорданың Алматы ауданының тұрғыны Серік Ибраев.



ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Елорданың Жастар саясаты мәселелері басқармасының бастамасымен, қала әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының қатысуымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында жас отбасылар арасында сурет салу курсы өтті.

«Отбасы – бақыт мекені» жобасының неке және отбасы институтын нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешені аясында өткен бұл курста 10 отбасы қатысты. Курстың басты ерекшелігі – әрбір қатысушы өзінің Отанға және мемлекеттік рәміздерге деген сезімін ақ қағаз бетіне сурет салу арқылы бейнелей алатындығында. Ал Қазақстан жастары конвеніті ұйымының директоры Асылбек Абдурашитов бұл курс ата-анамен баланың арасын тұтастырып, олардың өз ойларын шығармашылық арқылы дамыта түсуіне көмектесетіндігін айтады.

Курсқа қатысушылар әртүрлі бағытта суреттер салып, мереке күніне деген сезімдерін сол суреттер арқылы жеткізуге тырысты. Олардың бірі айға тіккен көк туымызды бейнелесе, енді бірі спорттық жарыстарда жеңіс төрін желбіреген туымыздың көрінісін сызды. Сондай-ақ қатысушылар қылқалам арқылы қылдан нәзік жүректің сөзін айтқысы келгендіктерін де жасырмады.

– Біз мереке күніне орай осындай курстың болатынын әлеуметтік желілер арқылы біліп, қатысуға өтініш тастадық. Бүгін міне, 8 жасар қызым екеуіміз осы курсқа қатысу арқылы Отанға және мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімімізді осы қағаз бетіне салған сурет арқылы білдіргіміз келді. Сондықтан да біз қазір жайлауда отырған қазақы ауылды бейнелеп салып жатырмыз. Ондағы ойымыз біздің халқымыздың жүрегінде ауылдың орны ерек екенін көрсету, сонымен қатар берекесі ұйыған ауыл көрінісі арқылы қазақтың тыныштығы мен бейбітшілігі жарасқан ұлт екенін бейнелеу, – дейді қала тұрғыны Жанар Әбенова.

Иә, айтулы мерекені осылайша астаналықтар атаусыз қалдырмады. Ал арнайы курс өткізіп, өзінің тәжірибесін бөліскен Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Әлия Қаныбекова бүгінгі бейнелеу өнеріне қатысушылардың



арасынан да болашақта қазақтың туын көкке көтеретін ұл-қыздар өсіп шығатынына сенімді екенін жеткізді. Сонымен қатар іс-шара соңында белсенді жас отбасыларға сертификаттар табысталды.

Айта кету керек, жыл соңына дейін аталған іс-шаралар кешенінде жас отбасылар арасында мәдениет, ұлттық дәстүр мен адамгершілік құндылықтарды дәріптеу мақсатында, неке және отбасы институтын нығайтуға бағытталған «Үздік жас отбасы» конкурсы ұйымдастырылады.

Шапағат ӘБДІР

Бас қаладағы Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында Астана қаласы Білім басқармасы Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен ата-аналар, директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары, әдістемелік бірлестік жетекшілері, сынып жетекшілері және педагог-психологтардың бала тәрбиесіне қатысты психологиялық-педагогикалық білімдерін көтеру мақсатында «Бала психологиясы» қалалық Psy talks өтті.

БАЛА ТӘРБИЕСІ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Елордада өткен жиынға Астана қаласы Білім басқармасының өкілі, Қазақ ұлттық хореография академиясының ғалымдары, қазақстандық жас ғалымдар, «Bilim Foundation» қоғамдық қорының өкілдері, Әдістемелік орталықтың әдіскерлері қатысты. Спикерлер қатысушылармен диалог алаңын құрып, бала тәрбиесі, бала психологиясына қатысты сұрақтарына ашық жауап берді. Сонымен қатар, мектеп директоры мектеп пен отбасының бірлескен әрекеті нәтижесінде оқушысының жеткен жетістігі жайлы ой бөлісті.

Жиын барысында Астана қаласы Білім басқармасының кәметке толмағандардың құқығын қорғау бөлімінің басшысы Диана Амангелдіқызы алғы сөз сөйледі. PhD Балабек Сақтағанов «Тұлғалық құндылықтарды дамытудың психологиялық аспектілері» тақырыбында қызықты баяндама жасады.

Бала психологиясы үшін басты мәселе – баланың психикалық дамуының факторларын, психикалық даму шарттарын түсіндіру. Бала психологиясында



жалпы психологияның негізгі әдістері жас ерекшеліктеріне орай өзгертіліп қолданылады. Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Әрбір ұстаз ата-аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс істесе, ата-ананың мектепке, ұстазға деген көзқарасы өзгерер еді. Егеменді еліміздің болашағы білім мен тәрбиеге байланысты. Ал тәрбиенің басты ұясы отбасы – мемлекеттің негізгі буыны. Қоғамдағы отбасының мақсаты – баланы дамытып қана

қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру, – дейді №68 мектеп-гимназияның педагог-психологы Райгүл Сайлабаева.

– Мен «Интернет қауіпсіздігі және әлеуметтік желілердегі сақтық іс-шаралары» туралы семинарға қатыстым, өзіме қажет көптеген мәлімет алдым, жұмыс барысында осы алған білімді міндетті түрде қолданатын боламын, – дейді Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицейінің тәлімгері Диана Айтжанова.

Ата-аналар ұйымдастырылған іс-шарадан заманауи бала психологиясы жайлы жаңа ақпарат алып, қызықты тақырыптар төңірегінде пікір алмасты.

УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ПУНКТИ ҚҰРЫЛДЫ

Астананың Алматы ауданында екі жаңа учаскелік полиция пункті ашылды. Ашылу салтанатына Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы генерал-майор Марат Төлебаев пен аудан әкімі Мақсат Саматұлы қатысты.

Пункттердің бірі А-108 көшесінде орналасқан, оның жалпы ауданы – 72,9 шаршы метр. Қызмет көрсетілетін учаскедегі халық саны 20 мыңға жуық адамды құрайды. Екінші учаскелік пункт Ш.Құдайбердіұлы даңғылы №2/В үй, мекенжайында орналасқан, үй-жайдың ауданы – 127 шаршы метр. Бұл учаскеде 32 мыңнан астам азамат тұрады.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға, азаматтардың полицияға қол жеткізуін барынша жеңілдетуге, халыққа сапалы қызмет көрсетуге бағытталған «полицияның сервистік моделі» жобасы іске асырылуда. Бұл учаскелік



пункттерді оңтайлы орналастыруды, жауап берудің жеделдігін арттыруды, сондай-ақ цифрлық технологияларды қолдануды қамтиды. Біздің міндетіміз, ең алдымен, полиция пунктіне баратын тұрғындар үшін заманауи жайлы жағдай жасау, – деді Марат Төлебаев.

Жаңа пункттер барлық

қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген, бұл азаматтарды қабылдауға мүмкіндік береді. Мұнда учаскелік инспекторлар азаматтардың барлық сұранысына жедел жауап беретін болады, бұл қадамдық қолжетімділікте болуға және осы учаскедегі құқық бұзушылықтар санын азайтуға септік етеді.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай елордада экологиялық акция ұйымдастырылды. Атап айтқанда, елордадағы 2-ЖЭО аумағында ауқымды экологиялық іс-шаралар өткізілді.



Экоакцияға «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының 100-ге жуық жастары қатысты. Іс-шара аясында қатысушылар аталған аумақты тазалап, бірнеше қап қоқыс жинады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, акция мақсаты – әлемдік қоғамдастықты

қоршаған ортаның өзекті мәселелеріне аударып, қазақстандықтардың табиғатқа деген қамқорлық сезімін арттыруға ықпал ету. Акцияны республикалық студенттер құрылысы қоғамдық қоры мен жастар жасақтары қозғалысы Астана қалалық Жастар сая-

саты жөніндегі басқарма мен Байқоңыр ауданы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырды.

– Іс-шара «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өтуде. Бұл акцияны «Жасыл ел» жасағының ХХ маусымының 100 қатысушысы қолдады. Мұндай жұмыстар халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға жақсы әсер етеді. «Жасыл ел» жастары сонымен қатар қаланың өзге аумақтарында да, яғни мектептер аумағы, парктер мен гүлзарларды қоқыстан тазартатын болады, – дейді Астана қалалық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың бас маманы Ерлан Айдар.

Биыл «Жасыл ел» еңбек жасақтары аясында 14-35 жас аралығындағы 4200 жас жұмыспен қамтылады. Олар қаладағы құрылысы нысандары, қала маңындағы «Жасыл белдеу» және әлеуметтік нысандар мен жалпы білім беретін мекемелер және қалалық парктердегі тазалық жұмыстарына тартылады.

ЖАҢА СТАРТАП-ЖОБА ЕНГІЗІЛЕДІ

Қала әкімдігі Astana Hub және Астана Innovations-пен бірлесіп, Astana Smart City акселераторын іске қосты.

Astana Smart City денсаулық сақтау, су ресурстарын басқару, көгалдандыру, қалдықтарды сұрыптау, білім беру, көлік және коммуналдық қызметтер сияқты түрлі саланы қамтиды. Бағдарламаға қатысу үшін әлемнің түкпір-түкпіріндегі MVP және одан жоғары сатыдағы жобалар биыл 7 шілдеге дейін өтінім бере алады.

Бағдарлама бірнеше негізгі міндетті шешуді көздейді. Ең алдымен, стартаптарға инновациялық шешімдерді нақты қала жағдайында сынап, қадағалаудың бірегей мүмкіндігі ұсынылады. Қала процестерін оңтайландыру үшін жасанды интеллект технологияларын дамытуға ерекше ден қойылады. Astana Smart City қатысушыларына қолдау көрсету үшін Astana Hub технопаркнің Seed Money бағдарламасы арқылы қаржыландыру жүзеге асырылады. 10 үздік жобаның әрқайсысына 5 млн теңгеге

дейінгі қаражат ұсынылады. Бағдарлама Астананың ақпараттық технологиялар орталығы ретіндегі мәртебесін нығайтып, әзірленген шешімдерді сыртқы нарыққа масштабтау мен экспорттауға мүмкіндік беріп, қаланың бәсекеге қабілеттілігін арттырады және инновациялық экономиканы дамытуға ықпал етеді деп күтілуде.

Бағдарлама 5 тамызда басталып, 3 ай бойы офлайн форматта өтеді. Оқыту шеңберінде қатысушылар сала мамандарымен байланыс орнатып, сарапшылармен топтық семинарларға қатысып, жеке консультациялар ала алады. Сондай-ақ оларға желілік трекерлермен трекшн-кездесулер және әр апта сайын жетекші трекер кеңесі ұсынылады. Стартаптар өз шешімдерін мекемелерде сынақтан өткізіп, осылайша IT-шешімдерді жетілдіру және оларды елорда тұрғындары қажеттіліктеріне қарай бейімдеу

мүмкіндігіне ие болады.

Қатысушыларды іріктеу барысы онлайн өтінім қабылдау, бастапқы скрининг, сарапшылармен сұхбат және 20 стартап таңдалатын ақтық кезеңді қамтиды. Бағдарламаның шешуші кезеңінде Demo Day ұйымдастырылады, мұнда қатысушылар қанатқақты жоба нәтижелерін әкімдік өкілдері мен экожүйе сарапшылары назарына ұсынады. Ең ұтымды IT-шешімдер әрі қарай қолданысқа енгізу үшін таңдалады.

Қалалық ортаны жақсартып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және озық технологияларды пайдаланып, қала міндеттерін шешуге бағытталған инновациялық стартап-жобаларды енгізу мақсатында жүзеге асырылатын бағдарлама туралы және оған қатысуға өтінім беру жөніндегі мәліметтерді astanahub.com платформасынан табуға болады.

АВТОБУС ПАРКІ ТОЛЫҚТЫ

Елорданың қоғамдық көлік паркі жаңа 15 автобусты толықты. «Yutong» маркалы автобустарды «Жорға МТ» ЖШС жеке автобус паркі сатып алды.



2024 жылғы автобустар отандық өндірушімен жинақталған. Трансмиссиясы және белдемесі – неміс шығарылымы.

«Жақын арада ресімдеу, жабдықты орнату, жүйеде тіркеу, жүргізушілерді бекіту жұмыстары жүргізілгеннен кейін, автобустар қала бағдарларына қосылып, халықтың игілігіне пайдалануға беріледі. Жаңа автобустар мен жаңа бағдарлар қосу бойынша жұмыстар бұдан әрі жалғасады» деп жазылған CTS баспасөз қызметінің хабарламасында.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығы және ЖАО жауапкершілігіне жататын жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету туралы қолданыстағы заңнаманың тармақтары мен өзге де талаптарын басшылыққа ала отырып, «Астана қаласының Сулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ қоғамдық талқылаулар өткізетіні туралы хабарлаймыз.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 26 маусымда, сағат 11:00-де, Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Астана қ., «Сарыарқа» ауданы, Абай 150 жыл көшесі ауданында, «64-тарату қосалқы станциясын салу және пайдалану» объектісін егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу, тапсырыс беруші «Астана – аймақтық электржелілік компания» АҚ.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға үлгіге сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады. k.baigabylova@astana.kz немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол.

№967 (4655) 06/06/2024 Бейсенбі

«JOLTAR» ЖОБАСЫ: МОЛ МҮМКІНДІКТЕР

Астанада «Joltar» жобасының арқасында тұрақты жұмыс тауып, жағдайын жақсартып, жаңа мамандық игеріп жатқандар бар. Мұнда қатысушылар цифрлық және жұмысшы мамандықтарын оқып, жаңа жұмыс таба алады.



Қалалық әкімдіктің бастама-сымен және «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қорының қатысуымен жүзеге асып жатқан ауқымды жобаның аясында 18 бен 50 жас аралығындағы астаналықтар жұмысшы мамандықтары бойынша қысқамерзімді оқытудан тегін өтіп, сертификат алады.

Осы уақытқа дейін жобаға қатысушылардың бір бөлігі техникалық мамандықтарды игерсе, енді бір бөлігі цифрлық саланың тілін меңгерді. Солардың бірі – 30 жастағы елордалық Абылбек Садықов. Ол біраз уақыт құрылыста жұмыс істеген. Алайда кейін жұмысыз қалған соң, осы жобаның оқыту курсына қатысып, жаңа дағдыны дамытты.

– Бір күні көшеде кетіп бара жатқанымда «Joltar» жобасы туралы жарнама көзіме түсті. Содан қаладағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінің біріне барып, дәнекерлеуші саласы бойынша тегін оқыту курсына жазылдым. Бұл қаңтар айының ортасы болатын, ал оқыту ақпан айының бас кезінде басталды, – деді Абылбек Нүрсейітұлы.

Айтуынша, сабақ күн сайын өткен. Ол бір айдың ішінде бұл мамандықты меңгеріп шыққан. Курс барысында көптеген сұраққа жауап алып, біршама жаңа нәрсені үйренген. Жалпы ол дәріс алған топта адам көп болмағанын,

сабақтар өте қызықты және мазмұнды өткенін жеткізді. Қазіргі кезде ол қаладағы зауыттардың бірінде дәнекерлеуші болып жұмыс істейді.

– Бұл жобаның көпке тигізер пайдасы мол. Себебі «Joltar» арқылы әр адам өзі үшін жаңа мамандықты игере алады, болмаса біліктілігін арттырады. Бастысы, бұл – жұмыс істеймін деген әр адамға жақсы мүмкіндік, – деді Абылбек Садықов.

Бұған дейін дүкенде сатушы болып жұмыс істеген 50 жастағы елордалық Элеонора Нахипова «Joltar» бағдарламасы туралы кездейсоқ білді.

– «Joltar» мүмкіндігі туралы мен бағдарлама павильонының жанынан өтіп бара жатқанда білдім. Кеңесші маған бағыттар

мен шарттар туралы айтып берді. Мен оқуға жазылуды шештім. Сонымен қатар дүкенде сатушы болып жұмыс істедім және жаңа дағдыға ие болғым келді. Сөйтіп бұл жерде кассамен жұмыс істеуді үйренуді көздедім. Сондықтан мен кассир-сатушы мамандығын таңдадым. Жалпы «Joltar»-та оқу маған ұнады. Курста өз саласының мамандары сабақ береді, бәрі оңай және түсінікті болды. Біз жаңа білім мен дағдыны тез меңгердік, – деді астаналық әйел.

Оның айтуынша, курсты аяқтағаннан кейін оның алған білімі көп көмектесті, өйткені ол жұмыс істеген дүкенге касса орнатылды. Қазір Элеонора кассада сатушы-кассир болып жұмыс істейді. Әкімдікке және осы жобаны енгізгендердің барлығына алғысын жеткізді.

Талай адамға мүмкіндік беріп, жұмыс істеуге жағдай жасаған бұл жоба астана-лықтардың табысын арттыруға жағдай жасаумен бірге, елордалықтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуда. Қысқамерзімді оқыту бағдарламасы 18-50 жас аралығындағы Астана тұрғындары үшін қолжетімді. Оқудан кейін қатысушыларға сертификат беріледі. Түлектердің кандидатуралары «Joltar» Telegram-ботында тегін көрсетіледі. Консультация күн сайын «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде өтеді.

Елорда тұрғындары осы мекенжайларда орналасқан «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері ұсынатын барлық мүмкіндікті пайдалану арқылы тегін оқып, жаңа кәсіпті меңгере алады.

Елордада «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері мына мекенжайларда орналасқан:

- Жастар сарайы, Республика даңғылы, 34;
- «Ailand» ОДО, Қорғалжын тасжолы, 2;
- «Встреча» СУ, Абылай хан даңғылы, 31;
- «Азия парк» СОО, Қабанбай бағыр даңғылы, 21;
- «Тұлпар» СО, Ш.Уәлиханов көшесі, 24;
- «Euromall» СУ, Ш.Қосшығұллы көшесі, 23;
- «Mechta» СУ, Сығанақ көшесі, 3;
- «Рахмет» СУ, Н.Тілендиев даңғылы, 15;
- ЕМО, Бейбітшілік көшесі, 9;
- «Рахмет» СУ, Б.Момышұлы даңғылы, 10;
- «Жанұя» орталығы, Бейбітшілік көшесі, 14.



7 МЫҢ ТОННА ҚОҚЫС ЖИНАЛДЫ

Елордада бес апталық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аяқталды. Оған 372 мың адам қатысып, 5 мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылды.

Кез келген қаланың ажары оның тазалығына тікелей байланысты десек, елордада жыл сайын тазалық айлығын ұйымдастыру, Астананың айналасын, үйлердің маңайы мен аулаларды мұнтаздай жарқыратып, таза ұстау бағытында ауқымды іс-шаралар өткізу дәстүрге айналды. Игі істі жалғастыратын жұртшылық айлық аясында таңмен таласа тұрып, қаланың тәртібі мен тазалығын еселеуге үлес қосу үшін қолына кетпен-күрек алып, тал-терек отырғызып, көшелерді құл-қоқыстан арылтты.

Елорда әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, 13 сәуірден бастап елордада ұйымдастырылған экология сенбілігі барысында 5389 арнайы техникамен «Астана эко полигоны» ЖШС-ке 7 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылды. Акция аясында 209 мың жасыл желек егілді, оның ішінде «Жасыл белдеу» аумағында 200 мыңнан астам көшет отырғызылды.

8-13 сәуір аралығында елордада «Таза өлке» атты акцияның бірінші аптасы өтті, оның шеңберінде аудан әкімдіктері, тұрғындар, қоғам белсенділері,

шағын және орта бизнес, ұйымдар мен кәсіпорындар өздерінің іргелес аумағы мен ауласын жинады. Сенбілікке 115 мыңнан астам адам, сондай-ақ 3,5 мың кәсіпорын мен мекеме қатысты.

15-20 сәуір аралығында мәдени мұра объектілерін ретке келтіруге арналған «Киелі мекен» апталығы өтті. Қорытындысында аумағы 1,4 млн шаршы метрді құрайтын 84 ескерткіш абаттандырылып, тазартылды. Акцияға

барлығы 57 мыңнан астам адам қатысып, мәдени орындардың айналасын құл-қоқыстан тазартты. Сондай-ақ осы кезеңде елорданың 25 мектебінде «Ecolzdenpraz» сабақтары, «Мектеп мүлкіне ұқыпты қарау» челленджі, «Тазалықты өзіңнен баста» бейнемессендждері, «Эко-дебаттар» өтті. Челленджі елорданың 15 жоғары оқу орны қолдады. Сонымен қатар «Тоқта, вандал!» және «Жас сарбаз»

жауынгерлерінің қолдауымен акция ұйымдастырылды.

22-27 сәуір аралығында өткен «Жасыл аймақ» апталығында ағаштар отырғызылып, тал-теректерді өкпеу, кесу, қолда бар жасыл желектерді тәждеу жұмысы жүргізілді. Әкімдіктің мәліметінше, бүгінгі таңда қалада барлығы 1,4 мыңнан астам жасыл желек, оның ішінде 836 мың ағаш, 624 мың бұта бар.

27 сәуірде жалпықалалық сенбілік өтті, оған 120 мыңнан астам адам, оның ішінде 7 мың студент қатысты. Ведомство бұл өткен көктемгі жалпықалалық сенбілікке қарағанда, екі есе көп екенін атап өтті. Бір күнде 4883 ағаш және 256 бұта отырғызылды, оның ішінде «Ұлытау» аллеясында 430 ағаш егілді. Сондай-ақ бокстан Азия чем-

пиондары, спортшылар Әйтеке би көшесіндегі Нұра ауданына 300 алмұрт ағашын отырғызды.

29 сәуір-4 мамыр аралығында «Өнегелі ұрпақ» апталық акциясы ұйымдастырылды. Жастар аудан әкімдіктері мен белсенді қала тұрғындары ардагерлер тұратын аулаларды, балалар үйі мен қарттар үйін тазалап, абаттандырды. Акцияға барлығы 46 мыңнан астам адам қатысты. 70 мыңнан астам жасыл желек отырғызылды, оның ішінде қаладағы «Жасыл белдеу» аумағына 1337 ағаш, 256 бұта, 68 мың көшет отырғызылды.

«Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының аумағында 50-ден астам қылқан жапырақты, қайың және қарағай ағаштары, «Нұрлы жүрек» орталығының аумағында 40 алма

ағашы отырғызылды.

Біріккен мұражайлар дирекциясы қызметкерлері «Алаш» саяжайының, «АЛЖИР» мұражай-мемориалдық кешенінің аумағын тазалап, 20 алма ағашын отырғызды.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері мен «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің өкілдері «Журналистер аллеясында» тазалау жұмысын ұйымдастырды.

6-11 мамыр аралығында «Мөлдір бұлақ» атты акцияның қорытынды апталығы өтті. Іс-шара аясында Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні су айдындары абаттандырылып, санитарлық тазарту жұмысы жүргізілді. Оған 30 мыңнан астам адам қатысып, 387 арнайы техника жұмылдырылды.

20 сәуірде ҚР Президенті телерадиокешенінің ұжымы «Таза Қазақстан» республикалық экоакциясына қосылды. Сенбілік барысында желілік саябақтың аумағы тазаланды. Бірлескен күш-жігермен 250-ден астам қап қоқыс жиналып, шығарылды. 5 мамырда қалалық сенбілік аясында компанияның 150 қызметкері Ботаникалық бақтың аумағына 50 қарағай көшетін отырғызды.

Осылайша, елорданың еңбекке жарамды жастағы азаматтары экология сенбілігіне өз үлесін қосып, ауланың немесе жұмыс істейтін мекеменің маңын тазалап, айналаны көгалдандыруға, Астананы абаттандыруға атсалысты.



ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРАТЫН «AULAFIT»

Жаттығулар дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері қаланың 25 мекенжайы бойынша өткізіледі. Яғни, таңғы сағат 9-дан бастап аға буын өкілдері үшін, 10:00-де балалар үшін жаттығулар өтеді. Ал кешке 17:00-ден бастап 6-10 жастағы балаларға арналған сабақтар, 18:00-де 11-15 жастағы жасөспірімдерге арналған сабақтар және кешкі жетіде жастарға арналған жаттығулар өтеді.

Төменде біз қала бойынша жаттығулар өтетін мекенжайлардың мәліметін ұсынамыз:

1. Тілендиев даңғылы, 38;
2. С 303 көшесі, 2 үй;
3. «Манхэтен» ТҚ, Әнет баба, 11;
4. Ш.Айтматов, 36 – «Жағалау» ТҚ;
5. Қорғалжын тасжолы, 25 – «Елорда 2020» ТҚ;
6. Ш.Қосшығұллы, 20;
7. Сарыарқа, 11;
8. Пушкин көшесі, 15 – «Китайская стена» ТҚ;
9. Сығанақ көшесі, 14 – «Шығыс ТҚ»;
10. Ж.Молдағалиев, 6;
11. С.Сейфуллин, 9 – «Жоңғар қақпасы»;
12. Степан Кубрин, 23/1 – «Еуропалық» ТҚ;
13. Сарайшық көшесі, 34 – «Дипломат» ТҚ;
14. Ұлы дала, 31/1 – «Алпамыс» ТҚ;
15. Күйші Дина көшесі, 31 – «Мирас» ТҚ;
16. Момышұлы даңғылы, 12 – «Астана Меруерт» ТҚ;
17. Түркістан көшесі, 10 – «Көркем» ТҚ 2;
18. Сауран көшесі, 5 – «Градокомплекс 2» ТҚ;
19. Қошқарбаев даңғылы, 45;
20. Ш.Айтматов, 60 – «Мадрид» ТҚ;
21. Кенесары даңғылы, 64 – «Дарын» ТҚ;
22. Қошқарбаев даңғылы, 34 – «Түркістан» ТҚ;
23. Құдайбердіұлы көшесі, 5;
24. Сауран көшесі, 3/1 – «Сармат 1» ТҚ;
25. Б.Майлин көшесі, 31 – «Апато» ТҚ.

Айта кетейік, әлеуметтік жобаның ашылу салтанаты 7 маусымда сағат 16:00-де Тілендиев, 38 мекенжайындағы аулада құрметті қонақтардың, қала тұрғындарының қатысуымен өтеді.

Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



ТЕГІН ДӘРІ КІМДЕРГЕ ҚОЛЖЕТІМДІ?

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» десек те, қолын кеш сермеп, дертіне дәрігер жазып берген дәрі-дәрмектерден шипа іздейтін адамдар көп. Аурудың асқынуы мен ауырлығына қарай дәрі бағасы да қымбаттай беретіні белгілі. Сондайда оны тегін немесе жеңілдікпен қалай алуға болады? Жалпы дәрі-дәрмек индустриясында қандай жаңалықтар бар? Астанадағы №10 емхана базасында құрылған Республикалық БМСК орталығының дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімшесінің меңгерушісі Жаңагүл БЕКЖАНОВАМЕН осы тұрғыда сұхбаттастық.



– Жаңагүл Жамбылқызы, қазіргі таңда тегін дәрі-дәрмек кімдерге қолжетімді?

– Диспансерлік есепте тұрған қазақстандықтар дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды тегін немесе жеңілдікпен ала алады. Алдымен тұрғылықты жерінде емханаға тіркелу керек. Сосын

диспансерлік есепке тұру және учаскелік терапевтің немесе бейінді маманның бақылауында болу қажет. Үшіншіден, егер ауру тегін қамтамасыз ету тізіміне енгізілген болса, тегін рецепт алуына болады. Нақты дәріні алу барысында тұрғылықты жері бойынша емханаға барады немесе egov.


кз порталы арқылы да өтінім бере алады. Egov.kz арқылы өтінім беру тәртібі өте қарапайым. Порталда ЭЦҚ немесе бір реттік құпиясөз арқылы авторизациядан өтсеңіз болды. Қызметтің толық атауы – «Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру». Ары қарай қызметті онлайн алу батырмасын басып, дәрігердің ұсынған медициналық рецептінің берілген және аяқталатын күнін толтырыңыз. 5 минуттың ішінде өтінішіңіздің жауабы келеді. Естеріңізге сала кетейік, дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікпен сатып алғанда науқастың жеке құжаты керек. Қазақстан Республикасы азаматтарының дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуіне құқығы бар. Қамтамасыз етудің 2 пакеті болады: тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі, яғни ТМҚКК шеңберінде және әлеуметтік медициналық сақтанудыру жүйесі арқылы алады.

– Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің қандай түрлері бар?

– Ол екі түрге бөлінеді: бірінші, стационарлық, яғни ауруханаларда дәрілік ем алу. Екіншісі, амбулаториялық, яғни емханаларда рецепт бойынша дәрі-дәрмекке қол жеткізу. ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қамтамасыз ету үшін дәрі-дәрмектердің тізбесін Денсаулық сақтау министрлігі бекітеді. Құжатта тегін қамтамасыз ету қарастырылған аурулар, сондай-ақ дәрі-дәрмектер тізімі келтірілген. Аталған жүйелер арқылы дәрі-дәрмектерді сатып алу және жеткізу жөніндегі оператор болып, СҚ-Фармация Бірыңғай дистрибьюторы бекітілген. Бірыңғай дистрибьютор арқылы сатып алуға арналған дәрі-дәрмектердің тізбесін құзырлы министрлік бекіткен болатын. Сонымен қатар, бірқатар дәрі-дәрмектерді медициналық ұйымдардың өздері сатып алады. СҚ-Фармация дәрілерді тек тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін және мемлекеттік медициналық ұйымдар үшін ғана сатып алады және жеткізеді.

– Ақысыз дәрі қандай жолмен беріледі?

– Рецепттерді тек учаскелік дәрігерлер мен медициналық ұйымдардың бейінді мамандары ғана жазып береді. Сонымен қатар медициналық ұйымдардың жанындағы дәріханадан рецепт бойынша жеке куәлігіңізбен дәрі-дәрмекті



алсаңыз болады. Денсаулық сақтау министрлігінің №75 бұйрығына сәйкес науқастарды ақысыз дәрімен қамтамасыз ету бойынша дәрігер 1 айда бір рет рецепт жазып ұсынады. Біздің емханада Д есепте тұрған 11128 науқас бар. Оның 9389-ы ересектер болса, қалғаны – балалар. Соларға берілетін 71 түрлі ауру бойынша дәрі-дәрмектер алынған. Ал осындай дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімшелері барлық емханаларда 2018 жылы ашыла бастағанда, бізде тек 20 шақты ауру, яғни нозология бойынша ғана дәрілер болатын. Бүгінде олардың түрі көбейіп кеткен. Сол 71 нозологияның ішінде ең көбі қант диабеті, артериалды гипертензия, бронх астмасы және өкпенің созылмалы обструктивті ауруы бойынша тіркеліп отыр. Сонымен қатар

орфанды дәрілермен 36 науқас қамтамасыз етіледі.

– Егер жазып берген дәрі-дәрмекпен болмаса, қайда хабарласқан жөн?

– Тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша «СҚ-Фармация»-ның байланыс орталығы – 1439 нөміріне мобильді және қалалық нөмірлерден соғуға болады. Барлық қоңырау тегін. Жылдың ортасына келгенде, Бірыңғай дистрибьютор бізден келесі жылға керекті дәрі-дәрмектің алдын ала болжамды тізімін сұратады. Ол тізім біздегі науқастардың саны мен нозологиясына қарай жасалады. Сол берілген тапсырыс бойынша Бірыңғай дистрибьютор жылдың басында тендер жариялайды. Дәрілердің көбі өзіміздің елдің кәсіпорындарынан алынады. Арасында шетелдік өндірушілер де бар.

Бетті дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

ДӘРІГЕРГЕ ШҮЙЛІККЕНДЕР ЖАЗАЛАНАДЫ

Өткен демалыс күндері елорданың 103 пультіне жеделдіктің 3-санаты бойынша қоңырау түсті. Жедел жәрдем бригадасын бір әйел адам шақырған. Көрсетілген мекенжайға келген уақытта дәрігерлерге мас ер адам озбырлық көрсеткен.

Жедел жәрдем қызметкері медициналық тексеруге кіріскенде, ер адам фельдшерді ұстап алып, оны бөлмеге сүйреп апарды да, тамағына пышақ тақайды. Сол аралықта екінші фельдшер бұл туралы елорданың Алматы ауданының кіші станциясының аға дәрігеріне хабарлап, полиция шақырады. Фельдшер полиция қызметкерлері келгенге дейін мас ер адамның қолынан босап үлгер-

ген. Құдай сақтап, фельдшер де, оған шабуыл жасаған адам да жарақат алмаған. Полиция қызметкерлері ер адамды ұстады. Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметі бойынша, елордада адамдарды ажалдан құтқару үшін көмекке келген жедел жәрдем қызметкерлерінің өздеріне қауіп төнетін мұндай жағдай тек бұл ғана емес. 2024 жылдың қаңтар-сәуір айлары

аралығында осындай 9 оқиға тіркелген.

Осы ретте басқарма қала тұрғындарын медицина қызметкерлерінің еңбегіне құрмет көрсетіп, оларға қатысты агрессивті әрекеттерден аулақ болуға шақырады. Жедел жәрдем қызметкерлерінің басты мақсаты – шұғыл медициналық көмек көрсету және пациенттердің өмірін сақтау екенін түсіну маңызды.



ОРФАНДЫҚ АУРУЛАРДЫ ЕМДЕЙДІ

Елордада «University Medical Center» корпоративтік қоры базасында Республикалық орфандық аурулар орталығы жұмысын бастады. Орталықтың ашылуына Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева және басқа да сарапшылар қатысты.

Орталық сирек кездесетін ауруларды емдеудің ұзақ мерзімді нәтижелерін диагностикалау, емдеу және бағалауды үйлестіру орталығына айналады. Негізгі мақсаты – сирек кездесетін аурулары бар науқастарға медициналық көмек көрсетіп, олардың өмір сапасын жақсарту. Орфандық аурулар – популяцияның шағын бөлігін қозғайтын, көбіне 10 мың тұрғынның біреуінде кездесетін генетикалық аурулар. ДДҰ мәліметтері бойынша бұл Жер шары тұрғындарының 7 пайызын құрайды.

– Аталған орталықты құру орфандық ауруларды диагностикалау мен емдеуде фрагменттік тәсілді жоюға және

жоғары мамандандырылған көмектің қолжетімділігін жақсарту, емдеудің тиімді әдістерін іздеу және диагностика жүйесін әзірлеу бойынша медициналық қоғамдастықтың үйлестірілген күш-жігерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді Денсаулық сақтау министрі.

Соңғы жылдары тұқым қуалайтын ауруларды ерте диагностика бойынша оң динамика байқалады. Бүгінгі таңда елімізде орфандық аурулары бар 12 948 бала есепте тұр, оның ішінде орталық және перифериялық нерв жүйесінің аурулары бойынша 7239 адам бар. Медицина ғылымының дамуына, аурулардың этиологиясы мен патогенезі бойынша

жаңа білімнің пайда болуына қарай, орфандық аурулары бар пациенттер үшін жаңа дәрілік заттар, жаңа технологиялар әзірленуде, скринингтердің және жалпы диагностиканың неғұрлым тиімді түрлері енгізілуде. Сондықтан бүгінгі таңда ғылыми зерттеулердің нәтижелерін клиникалық медицинамен, аурухана инфрақұрылымының мүмкіндіктерімен, осы бағытта мамандар даярлаумен біріктіру маңызды. Орталықтың ашылуы орфандық аурулар проблемаларын шешуге және Қазақстандағы пациенттердің өмір сүру сапасын жақсартуға жүйелі көзқарасты интеграциялаудағы маңызды қадам болмақ.



ЛУДОМАНИЯДАН ҚАНДАЙ ҚАУІП БАР?

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

3 аң жобасында көптеген жаңалық бар. Мәселен, құмар ойындарын ойнауға 25 жастан бастап қана рұқсат етіледі. Еліміздегі букмекерлік кеңселер мен казинолардың жарнамасына толық тыйым салынады. Сондай-ақ төленбеген несие және алименті бар адамдар үлкен ұтыс тігілген ойынға қатыса алмайды.

400 000 ТҰТЫНУШЫСЫ БАР БИЗНЕС

Өзекті мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алаңдаушылық білдіріп, Атыраудағы үшінші Ұлттық құрылтайда: «Қоғамдағы қауіпті кеселдің бірі – лудомания, яғни құмарпаздық. Кейбір мәліметтерге қарасақ, 400 мыңға жуық азамат – букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиенті. Бұл – тұтас бір қаланың халық санына пара-пар көрсеткіш. Шын мәнінде, лудомания – бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шанырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Құмар ойын үшін қарызға батып, өзіне қол жұмсаған жандар туралы хабарлар, өкінішке қарай, күн сайын тарап жатады. Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн-ойындар балалардың күнделікті ермегіне айналып барады. Құзырлы органдар былтыр интернет-казиноның белгісі бар 4 мыңнан астам сайтты бұғаттады» деп мәлімдеді. Бұған дейін Президент құмарпаздыққа заң жүзінде шектеу қою қажеттігін қадап айтты. Атап айтқанда фракциясының бастамасымен осы мәселе бойынша тиісті заң жобасы дайындалды. Бұл жоба құмар ойынның шырмауына түскен адамдардың тағдырына да белгілі бір деңгейде әсер ететіні сөзсіз.

ЖАС ҰРПАҚҚА ҚАНДАЙ ЗИЯНЫ БАР?

Заң жобасы бойынша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев лудоманияның қоғам үшін зор қатері барына көптеген мысал келтірді.

Бүгінгі ала-құла қоғамда құмар ойынның арбауына түскен адамдар көбейіп келеді. Бұл – қоғам үшін де, мемлекет үшін де үлкен қауіп. Жуырда Мәжіліс депутаттары Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

«Біріншіден, құмар ойынына шырмалғандар саны артуда. Деректерге жүгінсек, соңғы 2,5 жылда еліміздің шамамен әрбір бесінші адамы ойын ойнайды екен немесе құмар ойындарына қандай да бір қатысы бар. Ал оның ішінде 400 мыңдай адам ойынға салынып, букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты тұтынушысына айналған. Алаңдататын жайттың бірі, бұл дерт балалар мен жасөспірімдерді де шарпып отыр. Құқық қорғау органдарының мәліметінше, шамамен 200 мыңға жуық көмелеттік жасқа толмаған бала басқа адамның атынан букмекерлік кеңселерге бәс тігіп, азарттық ойында ойнайды екен. Өзге адамның логинімен букмекерлік кеңселерге бәс тігуші адамдардың саны белгісіз. Екіншіден, отбасы институтын әлсіретуі. Еліміздегі ажырасулардың 40 пайызына осы лудомания тікелей себеп болып отыр. Тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа баратындардың дені – осы құмар ойынға шалдыққандар. Былтыр Алматы облысында жантүршігерлік жағдайда әйел мен екі баласын аяусыз өлтіріп, үйін өртеп жіберген оқиға қоғамды дүр сілкіндірді. Қылмыскер лудоман болған, болмашы ақшаға үш бірдей адамның өмірін қиды. Үшіншіден, суицидті өршітуі. Мәселен, 2022 жылы елімізде 3676 адам өзіне қол жұмсап қайтыс болса, олардың әрбір бесіншісінің себебі – лудомания. Өкінішке қарай, бұл дерт қазір әскерде де кең етек алған. Олардың көбі құмар ойынның шырмауынан шыға алмай жатқанын білеміз. Осыдан бір жыл бұрынғы курсанттың өз-өзіне қол жұмсаудағы себебі де ойынқұмарлық дерті. Төртіншіден, қылмыстың көбеюіне ықпал етуде. Елімізде қылмыс жасайтындардың 20 пайызы

лудомандар екені белгілі болды. Олар бәске тігетін ақша табу үшін алдымен қарыз алады, содан соң ұрлық, тонау секілді қылмыстарға барады екен. Бесіншіден, көлеңкелі экономиканы күшейтуі. Ойын нарығы айналасында үлкен қаражат айналып жатыр. Мәселен, былтыр букмекерлік кеңселердің жылдық айналымы бейресми ақпараттар бойынша 1 триллион теңгеге жеткен екен. Демек, мұның айналасында мүдделі топтар, лоббистер болатыны сөзсіз. Осында келтірілген мәліметтерден Қазақстанда ойынқұмарлық індеттей өршіп, ел қауіпсіздігіне қатер төндіре бастағанын байқаймыз» деді ол мәселенің мәнісін терең түсіндіріп.

ЛУДОМАНДАР ҚАЛАЙ ЖОЙЫЛАДЫ?

Қазір не көп – ойынқұмарлықтың жарнамасы көп. Ең алдымен букмекерлік кеңселер мен казиноларды ғимараттардың, құрылыстардың қоршауларында және көлік құралдарының сыртқы жарнамасында, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында, мерзімді басылымдарда, кино, бейне және анықтамалық қызметтерде жарнамалауға толығымен тыйым салынады. Дегенмен букмекерлік кеңселер және тотализатордың орналасқан жерінде, спорт бағытындағы теле, радиоарналар мен интернет-ресурстарда жарнамалауға рұқсат етіледі.

Лицензиясы жоқ шетелдік букмекерлік кеңселер мен лотереялардың интернет-ресурстарына да тыйым салынады. Сот актісі негізінде қызметі заңсыз деп танылған шетелдік ойын бизнесін ұйымдастырушылардың тізімі жасалады. Бұл ретте банктер мен төлем

жүйелеріне олардың пайдасына операциялар жүргізуге тыйым салынады. Блогерлер мен әлеуметтік желідегі танымал тұлғаларға мұндай ойын түрлерін жарнамалауға тыйым салынады. Сондай-ақ лотерея билеттерін, соның ішінде электронды билеттерді тек лотерея операторы мен агенті арқылы таратуға болады. Оларды лотерея терминалдары, стационарлық емес бөлшек сауда нысандары, ұлттық пошта операторының пошта бөлімшелері және лотерея операторының бөлімшелері арқылы таратуға рұқсат етіледі. Тұрғын үйлер мен жатақханаларда, мәдениет ұйымдары орналасқан жерлерде ғимараттар мен құрылыстарда, білім беру ұйымдарында, ғибадат үйлері мен құрылыста лотерея билеттерін таратуға және терминалдар орнатуға тыйым салынады.

Заң жобасы аясында электронды казино мен онлайн-казино қызметін ұйымдастырған заңды тұлғаларға қылмыстық жаза қолданылады. Оларға 2000 АЕК дейінгі мөлшерінде айыппұл салу не 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тарту немесе 2 жылға дейін бас бостандығын шектеу не мүлкін тәркілеп, сол мерзімге бас бостандығынан айыру ұсынылады. Сонымен қатар ойын бизнесін ұйымдастырушылар енді өздерінің аппарат-бағдарлама кешендерін Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелерімен біріктіруге міндеттеледі. Осылайша мемлекет олардың барлық қаржы операциясын көре алады.

«Заң жобасында букмекерлік кеңселерде бәс тігу, ақша алу және төлеу кезінде: қатысушылардың бейне-биометрика идентификациясынан өткізу міндеттілігі; ойын бизнесі ұйымдастырушыларының үшінші тұлғалардың банк карточкаларына төлем қабылдауына шектеу қою мәселесі; мемлекеттік қызметшілердің, құқық қорғау және әскери қызметкерлердің бәс тігуіне тыйым салу көзделген. Шамамен 220 мыңға жуық қызметкердің құмар ойын ойнауына шектеледі; өз-өзін құмар ойыннан шектеуді 1 жылдан 10 жылға дейін созу қарастырылған. Яғни eGov mobile қосымшасы арқылы шектей алады. Бұл шектеуді қайтып қалпына келтіре алмайсыз» деп түсіндірді бәс тігу мен ақша алуға қатысты өзгерістерді Е.Бейсенбаев.

САУДА ДҮҢГІРШЕГІНЕН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Жаз маусымының басталуымен шағын бизнес субъектілері Respublica партиясына дүңгіршекке, сауда павильонына, автодүкен нүктелер алуға жәрдемдесуді сұрап жүгінуде. Бұл мәселені зерттегеннен кейін біз жағымсыз қорытындыға келдік. Сауда және интеграция министрлігі, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар бұл мәселені өз бетінше қалдырған. Қазір бұл бағыт дұрыс реттелмеген және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері аймағында тұр.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, стационарлық емес сауда нысаны – бұл жермен берік байланыспаған, уақытша құрылыскай немесе конструкция, оның ішінде автоматтандырылған құрылыс немесе көлік құралы. Жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне: кәсіпкерлік қызметті және инвестициялық ахуалды дамыту үшін жағдайлар жасау; стационарлық емес объектілерді орналастыру орындарын айқындау және бекіту; стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын және (немесе) бағыттарын бөлуге конкурстар өткізу жатады. Жергілікті атқарушы органдар белгілеген орындардан тыс жерлерде бөлшек сауданы жүзеге асыруға заңмен тыйым салынған.

Сауда және интеграция министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, сауда үшін орындар еліміздің үштен бір өңірлерінде ғана анықталған және бекітілген. Еліміздің ең ірі мегаполисі – Алматы қаласындағы барлық көше саудасы заңнан тыс жүзеге асырылады. Әкімдіктердің мәліметінше, елімізде барлығы 2741 стационарлық емес сауда нысаны бар. Тек бір ғана Астана қаласының көшелерімен жүріп, біз 1,5 мыңнан астам дүңгіршекті анықтадық. Қазақстанда соңғы 5 жылда стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру үшін орын бөлуге 39 конкурс өткізілді. Алматы қаласында, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында конкурстар мүлдем өткізілмеген.

Конкурссыз дүңгіршектерге жер учаскелері қалай берілді – бұл үлкен мәселе. Салалық министрлікте жұмыспен қамтылған және стационарлық емес сауда объектілерінен төленген салықтардың саны туралы нақты мәліметтер жоқ. Өкінішке қарай, бөлшек сауда елдің көлеңкелі экономикасының көшбасшысы болып қала береді. Әкімдіктердің және министрліктің назарынан тыс қалған

жекелеген шенеуніктердің жақтастарымен көше саудасы жасырын сыбайлас жемқорлық жолдарымен реттелуде. Көктемдегі жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтар сияқты автобус аялдамаларында, саябақтарда, скверлерде, қарбалас көшелер бойында жаңа дүңгіршектер пайда болды. Заңсыз нүктелер жер, өрт сөндіру және санитарлық инспекциялар мен полицияның бақылауынан қалай құтылатыны таңғаларлық. Сонымен қатар заңды түрде сауда үшін жер алу мүмкін емес. Жоғарыда айтылғандарға байланысты мынадай ұсынысымыз бар:

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігіне:

1. Ерекше қажеттіліктері бар азаматтар мен отандық тауар өндірушілерге басым құқықты қамтамасыз ететін стационарлық емес сауда объектілері үшін орындар бөлу қағидаларын әзірлеу;
2. Е-Қазула мемлекеттік порталында дүңгіршектерге, автодүкендерге, сондай-ақ ауыл шаруашылығы/фермерлік жәрмеңкелерге орын бөлу мәселелері бойынша ашық конкурстар өткізу мүмкіндігін пысықтау.

Жергілікті атқарушы органдарға:

1. Ішкі істер органдарымен бірлесіп, барлық өңірде көше саудасы бөлігінде тәртіп орнату;
2. Стационарлық емес сауда объектілерді орналастыру орындары мен маршруттарын анықтау және бекіту;
3. Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары мен маршруттарын бөлуге конкурстар өткізу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне:

1. Стационарлық емес объектілерді заңсыз орналастыру мәселесі бойынша уәкілетті органдардың қызметіне тексеру жүргізу;
2. Лауазымды тұлғаларды заңмен белгіленген жауапкершілікке тарту.

Айтуар
ҚОШМАМБЕТОВ,
Мәжіліс депутаты



ЕҢБЕК АДАМЫ

ҚҰРЫЛЫСШЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Білікті құрылысшы ретінде, нақты айтар болсақ: теміржол вокзалының аумағындағы 100 және 70 пәтерлік тұрғын үйлер, Желтоқсан көшесіндегі 100 пәтерлік үй, «Астана» концерт залына (бұрынғы «Конгресс-холл») өтетін жерасты жолы, С.Сейфуллин көшесіндегі Бас прокуратура ғимараты, Жеңіс даңғылы мен А.Бараев көшесіндегі 9 қабатты үйлер, «Жастар» шағын ауданындағы 5 қабатты тұрғын үйлер құрылысының салынуына қатысып, өз қолтаңбасын қалдырды.

Қазақстанның бас қаласы Арқа төсіне қоныс аударған кезеңде құрылыс деңгейі аса кең көлемде, зор қарқынмен жүргізілді. Мақсат Өтешұлы Астанада салынып жатқан құрылыстың басы-қасында болды. Зейнеткерлік жасқа жеткенше 15 жыл бойы Мемлекеттік архитектуралық сәулет-бақылау мекемесінде және Құрылыс комитетінде қызмет істеп, мемлекеттік аса маңызы бар ғимараттардың салыну барысында сапасын бақылады.

Бүгінгі таңда Мақсат Өтешұлы мен Сая Хамитқызының ұл-қыздары жеке шаңырақ көтерген, немерелері өсіп келеді. Мамандығы құрылысшы болса да, көзі қарақты, ойы зерделі азамат ел тарихы, әдебиет пен мәдениет туралы да терең толғады. Кейінгі толқынға білім мен ғылымға терең ден қоюдың маңыздылығын, имандылық құндылықтарын ұғындырып келеді.

Елорданың өсіп-өркендеуіне атсалысқан адамдар аз емес. Сондай азаматтың бірі – Қазақстанның құрметті құрылысшысы, еңбек ардагері Мақсат Мұхатов. Ол 1946 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданында дүниеге келген. 1974 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтын тәмамдаған. Үш жыл туған жерінде жұмыс істеген. 1977 жылы Целиноград қаласына көшіп келіп, Тың темір жолы мекемесіне прораб болып орналасқан. Содан бері осы қалада тұрады.

– Мақсат Өтешұлы, адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы ой-пікіріңізді ортаға салсаңыз?

– Кешегі індет кезінде ауырмай қалған адам сирек шығар. Дені сап-сау шауып жүрген қаншама замандастарымыз өмірден озып кетті? Бұл індет бізге екі нәрсенің қымбат екенін түсіндірді. Бірінші – өмір, екінші – адам. Өз денсаулығымызға көңіл бөлмей қалатын кезіміз болады. «Сақтанғанды Алла сақтайды» дегендей, өз-өзімізге қарап, бір-бірімізді сыйлап, ынтымақта өмір сүрсек, бұл жалғанның рахаты сол екен! Өмірден өнегелі ой түйген адам ғана салықалы ой айтады. 93 жас жасаған Есбол деген атамыз болды. Бүкіл ғұмырын мал бағуға арнады. Жылқышы болды. Сыыр мен қойды да бақты. Ұлы Отан соғысы кезінде зайыбы Айжан екеуі колхоздың бір мың саулық қойын бақты. Ол кезде шопандардың көмекшісі болмайтын. Жазда шөп шабу

үшін трактор жоқ. 19 бен 40 жас аралығындағы азаматтардың бәрі соғыста. Сонда ерлі-зайыпты екеуі жаздың аптап ыстығында шөп шауып, пішен дайындайды. 1000 қойды құдықтан қауғамен суарады. Қозы төлдеген кезде де оларға жәрдем беретін ешкім жоқ. Ерден еңбектің арқасында малдың басын өсіре білді. Соғыс кезінде Сталин атындағы ұжымшар еді, кейін асыл тұқымды «Бірлік» қой кеңшары болды. Есбол атамыз аздап құран оқитын еді. Ораза уақытында қойға бас-көз болуға әйелін қалдырып, өзі салт атпен шығып, 50-60 шақырым жердегі қойшы замандастарына барып, ауызашар береді. Шамасы ол жер шопандар жақын отыратын ақсақалдарымыз керек. Ол кезде бір ай бұрын «осындай күні ауыз аштырамыз» деп хабар жібереді. Сонда саусақпен санағандай ақсақалдарымыз болады. Есбол атамыз: «Адамдармен қарым-қатынастағы ең бағалы қасиет – сыйластық. Оған ештеңе



жетпейді. Өмірдің маңызы да сонда. Оны ұрпақтан-ұрпаққа аманат етуіміз керек» дейтін еді. Сонда арамдыдағы ағалар сұрақ қояды. «Бір-бірімізді қонаққа беру адам баласының ең биік мақсат-мұраты болуы керек. Ұстаз – баланың ата-анасынан кейінгі екінші ата-ана. Әр баланың азамат болып қалыптасуына алған тәрбиесі, білімі, қоғамға келтіретін пайдасы, өскен ортасы тікелей әсер етеді. Ел үшін деп еңбек ететін, халықтың мұңын жоқтайтын тұлғаның бойына бітетін барлық қасиет бала күнінде өз үйі мен мектеп қабырғасында жүргенде басталады. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан «Ұл-қа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деп айтқан сөзі қазақ жұртына ұран болып қалған. Сондықтан баланың жақсы азамат болып өскені – ұстаз

– Өнегелі ұрпақ өсіруде қандай мәселені ескеруіміз керек?

– Абай Құнанбайұлы 38-қара сөзінде тән мен жанның саулығы адамға туа бітті берілетінін айта келіп, ал өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы

құрбы, жақсы ұстаздан болатынын жазған. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай айтқандай, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру адам баласының ең биік мақсат-мұраты болуы керек. Ұстаз – баланың ата-анасынан кейінгі екінші ата-ана. Әр баланың азамат болып қалыптасуына алған тәрбиесі, білімі, қоғамға келтіретін пайдасы, өскен ортасы тікелей әсер етеді. Ел үшін деп еңбек ететін, халықтың мұңын жоқтайтын тұлғаның бойына бітетін барлық қасиет бала күнінде өз үйі мен мектеп қабырғасында жүргенде басталады. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан «Ұл-қа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деп айтқан сөзі қазақ жұртына ұран болып қалған. Сондықтан баланың жақсы азамат болып өскені – ұстаз

бен ата-ананың ортақ жемісі! – Бүгінде балалар кітап оқығысы келмейді. Ұялы телефонға көп үңіледі. Осы үлкен проблема болып тұр. Сондықтан жас ата-ана бала тәрбиесінде қандай жайттарға көбірек көңіл бөлгені жөн?

– Қай буындағы ата-ананы алып қарасақ та, жастар тәрбиесінде кемшілік өте көп. Әр адам өмірдегі жағдайды өз деңгеймен өлшеуі керек. Мысалы, ұстаздар мен ата-ананың қызметтік не шығармашылық деңгейі емес, бірінші кезекте адамгершілік деңгейі жоғары болса, сондай мектеп пен сол үйден шыққан баланың тәрбиесі жақсы болады. Өйткені әке-шешесі өз бойына ата қанымен, ана сүтімен дарыған бүкіл жақсылыққа бастайтын тәрбиесін балаларына бере біледі. Осы жағынан алып қарағанда, қазір көп отбасында ондай деңгей жоқ. Соның салдарынан біз жастар тәрбиесінде оққылықтарға жол беріп алдық. Мектеп оқушылары қазақша сөйлемейді деп реніш білдіреміз. Бұл жерде де ата-ана мен ұстаздар бірлесе жұмыс жүргізуі керек. Ендеше, кінә өзімізден. Ұл мен қызға мемлекеттік тілді, өз ана тілінді білудің маңыздылығын ұғындыра алмай жүрміз. Тәрбие болмаса, ол баладан қандай нәтиже күтесіз? Ал тәрбиелі, білімді балалар өмірде өз орындарын тауып, елді, осы қоғамды алға жетелейтін болады. Ұрпақ тәрбиесі қашан да маңыздылығын жоймайды. Өз бетіне жіберіп алмағанымыз жөн. Бала тәрбиесін ұлттық негізде қалыптастырудың ортақ тұжырымдамасын жасауымыз керек деп ойлаймын. Соның басты-басты қағидаттары жүзеге асса, қай бала да азамат болып қалыптасатыны анық.

Сұхбаттасқан Айбағыр САМИҒОЛЛАҰЛЫ, Астана

ТЕЛЕФОНҒА ТЕЛМІРУШІЛЕР ЗАМАНЫ

Қазіргі таңда ұялы телефон өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналды. Телефонның тұрмысымыз бен психологиямызға әсерінің күштілігі соншалық, жанымызда қалта телефонымыз жоқ болса, байыс тауып отыра алмайтын деңгейге жеттік. Әрине, әр нәрсенің жағымды, я жағымсыз жағы болатындай ұялы телефонның пайдасымен қатар зияны да жоқ емес. Әсіресе жас ұрпақтың телефонға құмарлығы бүгінгі қоғамның тағы бір өзекті мәселесіне айналды.

Соңғы уақытта адамдар телефонның ішіне кіріп кетіп, шынайы өмірден алшақтап бара жатыр. Әр күнін түрлі гаджетте ойын ойнап немесе әлеуметтік желіде отырумен өткізеді. Өмірінің қалай сырғып өтіп жатқанын байқамайды да. Әсіресе жасөспірімдер жақындарымен ашық сөйлесіп, бір-біріне көңіл бөлмейді. Виртуалды өмірде өз әлемін құрып алып, сонда өмір сүруге дағдыланады. Есесіне шынайы өмірде алатын эмоциядан құр қалады. Керек десеніз, телефон сағынышты азайтып, адамдар арасындағы махаббаты да әлсіретіп жіберді. Себебі адамдар бұрынғыдай алыстағы туысын, жанашыр жақынын есі кетіп сағынбайды, көргісі келсе немесе айтар сөзі болса, бір минут ішінде байланысқа шығып, дидарын көріп отырып, сырласуға мүмкіндік бар. Сосын да шығар айшылық жерден туысқанымыз келсе де әңгімеміз алты ауыз сөзден, амаңдық сұрасудан аспайды, бұрынғыдай таңды-таңға жалғап әңгіме айтатын, ақтарылып сырласатын кез келмесе кеткен. Тіпті бір-біріне ынтық екі жастың өзі кезіге қалса екеуі екі жақта тұқырайып,



телефонның шұқылап отыру қалыпты әдетке айналған. Психологтар мұны «номофобия», яғни ұялы телефонсыз қалудан қорқу, өмірлік мәні бар заттан айырылып қалғандай күй кешу деп атайды. Бұл атау по mobile-phone phobia деген ағылшын сөзінен шыққан. Номофобия адам өміріне тікелей қауіп төндірмесе де, жағымсыз әсерлері жетерлік. Мысалы, жанында телефоны болмаса алағызып отыра алмай, телефонға қарамаса назары шоғырланбау, қарадай қобалжу, орынсыз уайымдау, телефонға көп қараудан бас айналу, жүрек соғысының жиілеуі сияқты белгілер қазіргі

адамдарда көп байқалады. Америкалық ғалымдардың зерттеуінше, адамдардың 66 пайызы осы дертке шалдыққан. Дені – жас қыз-жігіттер. Сонымен қатар көзі көрмей қалу, ұйқысы бұзылып, ауруға қарсылық қуаты әлсіреу, тіпті қатерлі ісіктің пайда болуы да телефонды шектен тыс пайдаланудың зардабы. Балалардың тілі шықпау, бұйығы болып қалуы да телефонмен қатысты дейді мамандар. Өйткені телефон қазір барлық баланың ең сүйікті «ойыншығына» айналғаны көпке мәлім.

Телефонға психологиялық тәуелділіктің басты белгісі – адам құрылғыны үнемі назарда ұстайды. Телефон адамның қолында жүреді немесе ол смартфонды көзіне көрініп тұратын жерге қояды. Әңгіме барысында қандай да бір сұрақ туындаса, тәуелді адам сұрақтың жауабын табу үшін телефонна үңіледі. Миды жұмыс істеткісі келмейді, керек десеніз, беске бесті көбейтуге тура келсе, телефонмен есептеуге бейім тұрады, тіпті біреу бір жұмыс тапсырса, «ұмытып қаламын» деп телефонға жазып алу да әдетке айналып барады. Міне, бұдан телефонның адамзаттың есте сақтау қабілетін әлсіретіп, ойлау жүйесіне де аса ауыр ықпал жасағанын байқаймыз.

Психологтың айтуынша, телефонның санамызға сіңгені соншалық, қазір адамдар сезім мен эмоциясын сөзбен емес, стикермен жеткізеді. Маман бұл тенденция адамдардың

бағдарламалануын арттырғанына, салдарынан оларды басқару жеңілдей түсетініне алаңдаулы.

Ғаламтор қанатын кеңге жайған заманда сәбилер де смартфонмен уанатын болды. Өйткені оның ішінде бәрі самсап тұр. YouTube дейсіз бе, Instagram, TikTok дейсіз бе, бала үшін қызықтың бәрі – кішкентай темірдің ішінде. Бірақ мұның балаларға жағымсыз әсері шаш етекпен. Соның себебі болса керек, ғаламға танылған жарты алма компаниясы – Apple-дің негізін қалаушы Стив Джобс өз балаларына телефон көруге тыйым салған. Blogger мен Twitter желілерінің авторы өз балаларына смартфон мен планшетті күніне бір сағаттан артық бермеген. Өйткені бала телефоннан алатын эмоцияны өмірден ала алмайды да, біржолата телефонға тәуелді боп қалады. «Телефонға тәуелді балалар телефонға тәуелді емес балаларға қарағанда қиялшыл келеді, қиялшыл адамның әрекетке көшуі қиын. Өскен кезде жолы болмайтын адам боп қалыптасуы мүмкін. Өйткені олардың миына «армандау» деген бағдарлама жазылады да, әрекет ету керектігі жазылмайды» дейді мамандар.

Телефонға тәуелділікті көп зерттеген мамандардың пікірінше, телефонға тәуелді баланың ұйқысы бұзылады. Таңмен ояна сала гаджетін іздейді. Бала агрессивті бола бастайды. Онлайн ойындар баланың жүйке жүйесіне кері әсерін тигізеді, тілі бұзылады. Қазіргі таңда Астананың өзінде баласы 4-5 жасқа келсе де, тілі шықпаған баласын логопедке сүйреп жүрген ата-ана аз емес. Қысқасы, ұялы телефонның зардабына ертерек назар аударып, оның залалымен осы бастан күреспесек, ол ұлтымыздың болашағы – жастардың тағдырына балта шабуы әбден мүмкін.

Ақерке БАЗАРҒАЛИЕВА, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

№67 (4655) 06/06/2024 Бейсенбі

ЖЫР ЖИНАҒЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Кеше Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада ақын Әділбек Ыбырайымұлының «Күнге бет алған керуен» атты жыр жинағының тұсауы кесілді.

Тұсаукесерді Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, Астана қаласы филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы жүргізді.

«Биыл астанада өткен «Astana Eurasian Book Fair-2024» VII халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде «Семсер жүзіндегі серт» трилогиясының тұсауын кесіп едік, енді, міне, араға ай салып, «Күнге бет алған керуен» жыр жинағының тұсаукесеріне жиналып отырмыз. Бұл – қазақ руханиятына қосылған тағы бір қазына» деді ол.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті баспа ісі басқармасының басшысы Алмас Әмірбекұлы комитет төрағасы Рустам Әлідин құттықтау хатын жеткізіп, «Күнге бет алған керуен» кітабының

еліміздегі кітап саласын қолдауға арналған «Қоғамдық маңызы бар әдебиеттерді сатып алу, басып шығару және тарату» бағдарламасы аясында жарық көргенін атап өтті. Осыдан соң іс-шараға жиналған қаламгерлер мен әдебиетшілер қаламгердің жазу шеберлігі мен тіл қолданудағы ерекшелігіне тоқталып, Әділбек Ыбырайымұлы шығармаларының әр қырынан сөз қозғады.

Әділбек Ыбырайымұлы – сөз өнерінің қос арнасына құлаш сермеген қаламгер. Бұған дейін бір трилогия («Семсер жүзіндегі серт»), 2 роман, 4 проза кітабын оқырманға ұсынған қаламгердің бұл – 7-жыр жинағы. Автордың соңғы 7-8 жылда жазған өлеңдері енген жинақ «Ақ нөсер», «Сал қураң», «Шілтер», «Ұлы жіңгір боз дала», «Мамырстан», «Сұлу шәрі», «Нигерия көз жасы»

сияқты 10 бөлімнен тұрады. Жинақтың 4-бөлімінде «Бейбіт күнгі боздақ» деген поэма берілген. Дастан кеңес дәуіріндегі большевиктің арам пиғылынан тұтанған трагедияға толы Ауған соғысын тартымды жырлайды.

– Қазаққа қара сөз бен өлеңді қатар алып жүрген қаламгерлер аз емес. Мәселен, халқымыздың жүрегінен ақын ретінде орын алған жыр құлагері Илияс Жансүгіров пен қазақ поэзиясының түпсіз мұхиты Жүмекен Нәжімеденов өлең жазумен қатар, прозалық шығармалар да жазған. Мен де сол ағалардың жолын құдым, ұстаз тұттым. Өз әлімше прозалық, поэзиялық шығармалар жазып, еңбектеніп келемін. Әрине, 30 жылға жуық әкімшілік қызметте жүріп, уақыт шыға қалса әдеби шығармалар жазып жүрген мені әдеби орта көп тани бермейді. Мен



де азамат ретінде халқымның мұң-мұқтажын, арман-тілегін жырлап жүрген қаламгердің бірімін, – деді ол өзінің шығармашылық жолына тоқталғанда.

Әділбек Ыбырайымұлы – осы замандағы әлеуметтік мәселелерді тіліне тиек етіп жүрген жазушы. Автор қаламынан туған «Зауқайыр», «Ұяластар» романдары мен «Мизам көк» (әңгіме-повестер жинағы)

шығармаларында еліміздің осы замандағы өзекті мәселерді тілге тиек етіп, тәуелсіздік жылдарындағы халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, кездескен түйткілді мәселелерін көркем тілмен кестелеп көрсетеді. Ал тарихи тақырыпта жазған «Семсер жүзіндегі серт» трилогиясы мен «Абыз дала аңызы» (повесть) шығармалары да оқырманның оң бағасын алды.

Автордың осы заманғы тақырыпта жазған «Ақылға атой» романы жақында жұртпен жүздесу алдында тұр.

**Қалиакбар
ҮСЕМЖАНҰЛЫ,
Ақерке БАЗАРҒАЛИЕВА,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университеті студенті**



ЕЛОРДАНЫҢ «ТОЛАҒАЙЫ» АНЫҚТАЛДЫ

Бас қаладағы «Астана Триатлон» саябағында Мемлекеттік рәміздер күніне орай қалалық «Толағай» алыптар сайысының жеңімпаздары анықталды. Ұлы даланың батырларын насихаттап, қазақтың этно-ойындарын дәріптеу мақсатында өткізілген турнирде білегі тоқпақтай, жауырыны қақпақтай қаламыздың 11 спортшысы бақ сынады. Жалпы жұлде қоры бір миллион теңгені құрайтын турнир Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өтті.

Білекті батырлар сайыстың 5 түрі бойынша, яғни 1,5 м ұзындықтағы темірді мойынға салып майыстыру, салмағы 100 келілік тасты межелі қашықтыққа дейін көтеріп апару, 130 келі ауыр бөренені желкеге салып отырып-тұру, 200 келілік жүк артылған арбаны сүйреу, он келілік найзаны қашықтыққа

лақтыру секілді ерекше сайыс түрлері бойынша сынға түсті.

Жарыстың ұйымдастырушысы әрі жоба авторы Тимур Спатаев қазақ балуандарын әлемдік деңгейге таныту мақсатында игі іс-шара осымен екінші жыл қатарынан Астана төрінде өтіп жатқанын атап өтті.

«Толағай» алыптар сайысы

қыркүйек айында өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына Астана қаласы бойынша іріктеу кезеңі болып саналады. Қалалық біріншіліктер бұған дейін Түркістан, Алматы, Ақтау қалаларында өтті. Енді мұндай іріктеу алдағы уақытта басқа өңірлерде өтеді. Жарыстың басты мақсаты – бұқаралық спортты дамыту. Алыптар сайысына қолдау білдірген Астана қаласы әкімдігіне және қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасына алғысымды білдіремін» деді ол.

Бес сайыстың нәтижесі бойынша бірінші орынды Жаннұр Маутан иеленсе, екінші және үшінші орындарды Қанат Тоққұлов пен Біржан Шаймерден еншіледі. Сонымен, алдағы республикалық турнирде Астана қаласының намысын Жаннұр Маутан қорғайды.



МЕРЕКЕЛІК ЕРЕКШЕ ВЕЛОШЕРУ

Елордада алғаш рет Астана қалалық әкімдігінің қолдауымен аутизм және ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған «Ерекше әлем» атты жаппай бұқаралық велошеру ұйымдастырылды.

Мемлекеттік рәміздер күніне арналған мерекелік велошеруге 50-ге жуық ерекше балалар мен олардың ата-аналары қатысты. Олар 5 және 10 км қашықтықтарды «Үркер» тұрғын алабының саябағынан бастап бағындырды.

Велошеруде сөз алған №6 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің басшысы Бауыржан Өтегенов алдымен балаларды Халықаралық балалар күнімен құттықтап, ерекше жандардың өмірге деген талпыныстары мен спортқа деген құштарлығына ризашылығын білдіріп, олардың қоғамдағы рөліне тоқталды.

«Қай халықтың болмасын елдігін, салт-дәстүрін, атамекенін болашаққа апаратын – бүгінгі жас ұрпағы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Балаларға ерекше назар ау-

дару керек. Себебі, олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі» деп айтқан болатын. Міне, бүгінде елімізде ерекше балаларды қосымша біліммен және спортпен қамтамасыз ету бағытына ден қойылып, қабілетін шыңдауға барлық жағдай жасалып келеді. Бүгінгідей мәні зор іс-шараның спортқа мүдделі балалардың спорттық әлеуетін дамытуға, олардың қоғамнан шет қалмай, тең дәрежеде барша мүмкіндіктерге қол жеткізе алуына маңызы зор деп санаймын» деді Б.Өтегенов.

Бұқаралық велошеруге немересі Амира Калиеваны қолдауға келген Рысты Кабдулина ризашылығын білдірді.

«Бүгінгідей керемет ауа райында ұйымдастырылған велошеруге немереммен келіп отырмын. Мұнда өздерінің балаларын, немерелерін қол-

дауға көптеген жан келіп отыр. Бәріміз толқып тұрмыз. Бұл – ерекше мүмкіндіктері бар балалар арасында өтіп жатқан алғашқы жарыс. Осындай балалардың дамуы мен спорттағы жетістіктері үшін жағдай жасау, сондай-ақ қоғамның назарынан тыс қалдырмай, осындай іс-шараны ұйымдастырған қала әкімдігіне ризашылығымды білдіремін. Біз үшін бұл жарыс емес, мерекелік іс-шара» дейді Р.Кабдулина.

Велошерудің соңында әр қатысушы медальмен және «Лимпо» спорттық дүкені ұсынған сертификаттармен марапатталды.

Бұл іс-шараны Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы мен «Velolegend» қоғамдық бастамашыл тобы ұйымдастырды.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №67

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

📞 Кабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

✉️ aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА